

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы арасындағы 2010-2015 жылдарға арналған Елдік бағдарламаның іс-қимыл жоспарына қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 27 тамыздағы № 842 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы арасындағы 2010 - 2015 жылдарға арналған Елдік бағдарламаның іс-қимыл жоспарының жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің орынбасары Қайрат Ермекұлы Омаровқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы арасындағы 2010 — 2015 жылдарға арналған Елдік бағдарламаның іс-қимыл жоспарына қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 7

т а м ы з д а ғ ы

№

8 4 2

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы арасындағы 2010-2015 жылдарға арналған Елдік бағдарламаның іс-қимыл жоспары

Негіздеме

Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Үкімет) мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы (бұдан әрі - БҰҰДБ) осы құжаттың мазмұнын және өздерінің Елдік бағдарламаны жүзеге асырудағы жауапкершілігін бірлесе отырып к е л і с т і .

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні, Әйелдерге қатысты

кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенцияны және Бала құқықтары туралы конвенцияны қоса алғанда, Үкімет пен БҰҰДБ-ның міндеттемелері бар, БҰҰ-ның Мыңжылдық даму мақсаттарын, конвенциялары мен саммиттерінің шешімдерін жүзеге асыру мақсатында өзара келісім мен ынтымақтастыққа мүмкіндік туғыза отырып, Конференциялар: Мыңжылдық саммитін, Дүниежүзілік азық-түлік саммитін, «Балалар өміріне жарамды әлем», Тұрақты даму жөніндегі дүниежүзілік саммитін және Тұрғын халық пен даму жөніндегі халықаралық конференцияны қ а м т и д ы .

2005 - 2009 жылдарға арналған бұрынғы Елдік бағдарламаны іске асыруда алынған тәжірибе мен қол жеткізілген прогреске сүйене отырып, 2010 - 2015 жылдарға арналған ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне кірісе отырып, Жоспарды тығыз ынтымақтастық рухында орындау жауапкершілігі туралы мәлімдей отырып, төмендегілер туралы келісті:

1. Өзара қарым-қатынастар негізі

1.1 Үкімет пен БҰҰДБ 1994 жылғы 4 қазанда екі тарап қол қойған, БҰҰДБ елге көрсетіп отырған көмекті реттейтін, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы арасындағы келісімді (бұдан әрі - Келісім) ж а с а с қ а н ы н н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ,

1.2 Келісімнің I бабының 2-тармағының негізінде, БҰҰДБ тарапынан Үкіметке көмек БҰҰДБ-ның құзіретті органдарының қолданыстағы және қолайлы қарарлары мен шешімдеріне сәйкес көрсетіледі және беріледі әрі БҰҰДБ-ның қажетті қаражатының болуына байланысты. Атап айтқанда, БҰҰДБ-ның Атқарушы комитетінің 2005 жылғы 28 қаңтардағы № 2005/1 шешімімен жаңа Қаржы регламенті мен Ереже бекітілді, сондай-ақ БҰҰДБ-ның рәсімдерді жеңілдету мен үйлестіру бастамаларынан туындаған, БҰҰДБ-ның Елдік бағдарламаларды дайындау жөніндегі қайта қаралған Жалпы рәсімдерді толық көлемде орындауына мүмкіндік беретін «орындау» және «іске асыру» сияқты жаңа ұғымдар енгізілді.

1.3 Осы шешім шеңберінде Елдік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-қимылдардың осы жоспары (бұдан әрі - ЕБІҚЖ), сондай-ақ (осы ЕБІҚЖ-ның бір бөлігі болып табылатын) Жылдық жұмыс жоспары (бұдан әрі - ЖЖЖ) Келісімге сәйкес осы жобалық құжатты құрайды.

2. Ағымдағы ахуалды талдау

Қазақстан: Негізгі деректер (2008, 2009 жылдар)	
Аумағы:	2 724 900 ш. км
Халқы (2009 ж.):	16 млн.
Жан басына шаққандағы ЖІӨ (АҚШ долл.):	11 204

Жан басына шаққандағы ЖІӨ (нарықтық айырбас бағамы бойынша АҚШ долл.):	8 241
Жан басына шаққандағы ЖІТ (АҚШ долл) (ДБ):	5 060
Номиналды ЖІӨ (млрд. АҚШ долл.):	132,0
ЖІӨ өсімі (2009 ж.):	1,1%
ТСИ (2008 ж, АҚШ долл.):	10,732m
Инфляция деңгейі (2009 ж.):	6,2%
Жұмыссыздық деңгейі (2009 ж.):	6,3%
АДИ (БҰҰДБ):	0,804
АДИ рейтингісі (БҰҰДБ):	82

Қазақстан картасы

(қағаз мәтіннен қараңыз)

2.1 2000 жылдан бастап Қазақстан тұрақты дамуды көрсетіп келеді. Атап атқанда, осы уақыт ішінде жан басына шаққандағы ЖІӨ - нақты ЖІӨ-нің 9% деңгейдегі орташа жылдық өсімінің нәтижесінде 2004 жылғы 2863 АҚШ долл.-дан, 2008 жылы 8241 долл.-ға өсіп, Қазақстан орта деңгейдегі табысы бар ел мәртебесіне ие болды. 2007 - 2009 жылдардағы халықаралық қаржы нарықтарының дағдарысы мен одан кейінгі рецессия өзінің кері ықпалын тигізді. Ел экономикасы анағұрлым баяу қарқынмен дамып келеді (2008 жылғы өсім 3,2%, 2009 жылы 1,1% құрады) және экспортталатын металл мен мұнай бағаларының төмендеуі салдарынан өсім келесі бірнеше жылдар бойына 2%-дан төмен болуы мүмкін. Үкіметтің нақты экономикалық басқаруына және дағдарысқа қарсы тиімді шараларына, сондай-ақ елдегі саяси тұрақтылыққа байланысты ұзақ мерзімді перспективалар оң сипатта көрініс береді. Қазақстан таяу уақытта Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруге үміт артып отыр. Мұнай секторын есепке алмағанда, экономиканың одан әрі дамуына кедергі келтіруі мүмкін елеулі бейресми сауда кедергілері байқалуда.

2.2 2007 жылы Конституцияға енгізілген түзетулер Парламенттің ролін кеңейтуге мүмкіндік берді. 2007 жылдың тамызында Парламенттің төменгі палатасына (Мәжіліс) мерзімінен бұрын өткізілген сайлау нәтижесінде «Нұр Отан» партиясы Мәжілістегі 107 орынның 98-іне ие болды, қалған орындарды Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері иеленді. 2010 жылы Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына (бұдан әрі - ЕҚЫҰ) төрағалық етеді. Қазақстандық билік орындары БАҚ пен саяси партиялар саласында реформалар жүргізу жөнінде өзіне міндеттемелер алды. 2008 жылдың соңында Парламентте екінші партияның болуын қамтамасыз ету мақсатында сайлау туралы заңнамаға түзетулер енгізілді.

2.3 Қазақстанның елдің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мақсатындағы жетістіктері алдағы уақытта институционалдық дамуды, сот жүйесін жетілдіруді, үкімет қызметінің тиімділігін және жұртшылық сенімін арттыруды талап етеді.

Қазақстанның демократиялық дамудың құқықтық негіздерін құрудағы табыстарына қарамастан, іс жүзінде оны тиімді түрде жүзеге асыру мен ашықтығында елеулі кедергілер сақталуда. Мәселен, «Global Integrity Index» (Шындықтың ғаламдық индексі) есебінде, 2007 жылы зерттелген 53 елдің ішінен Қазақстанда қолданыстағы заңдар мен олардың іс жүзіндегі жүзеге асырылуы арасындағы үлкен «алшақтық» байқалады.

2.4 Мемлекеттік басқару жүйесінің халықтың еркін әлеуметтік диалог арқылы беру мүмкіндігі одан әрі дамытуды қажет етеді. Тиімді жергілікті өзін-өзі басқару - демократиялық дамудың міндетті шарты болып қалып отыр және оның әлеуетін елеулі түрде нығайту талап етіледі. Демократиялық жауапкершілік әйелдердің, халықтық аз топтары мен әлеуметтік осал топтары құқықтарының сақталуы мәселелерін шешуге мүмкіндік беретініне қарамастан, сыбайлас жемқорлық, мемлекеттік мекемелердің халық алдындағы өз міндеттерін орындауға дайындығы мен қабілеттілігіне қоғамның сенімін әлсіретуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және Үкімет қызметінің тиімділігін арттыру - стратегиялық ұлттық басымдық ретінде, сондай-ақ БҰҰ-мен ынтымақтастық бағыты ретінде ұсынылды.

2.5 Қазақстан Мыңжылдықтың Даму мақсаттарының (бұдан әрі - МДМ) бірінші үш мақсатына қол жеткізді және «МДМ+»-ның анағұрлым өршіл мақсаттары мен міндеттерін айқындады, олар: ауыл тұрғындарының арасындағы кедейшілік деңгейін екі есе қысқарту, жалпыға бірдей орта білімге қол жеткізу және ұлттық жоспарлар мен бюджеттерге гендерлік мәселелерді енгізуді қамтамасыз ету, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау және заң шығарушы, сондай-ақ атқарушы органдардағы әйелдердің өкілдігін арттыру. Қазақстандағы денсаулық сақтау саласындағы өзгерістерді айқындау көрсеткіштерінің баяу дамуы алаңдаушылық туғызады - бұл өмір сүру деңгейі мен экономикалық өсімді жоғарылатуда, сондай-ақ, денсаулық сақтау, тамақтандыру және білім беру саласындағы сапалы қызметтерге қол жеткізу құқықтарын іске асыруға кедергі болып табылады. Сәби және ана өлімін азайту жөнінде МДМ-ға қол жеткізу күмән туғызады, ал АИТВ мен туберкулез сияқты елеулі аурулармен күрес жөніндегі МДМ айтарлықтай қауіпке айналып отыр.

2.6 Бүгінгі таңда Қазақстан бетпе-бет келіп отырған даму проблемаларының бірі - елдің өңірлері арасындағы елеулі айырмашылықтар мен теңсіздік болып табылады. 2008 жылы ең төменгі күнкөріс мөлшері деңгейінен төмен табысы бар халықтың үлесі - 12,1 %, ал азық-түлік себеті құнынан төмен табысы бар халық үлесі - 1,2 % құрады. Халықтың бұл тобы жұмыс орындарына кепілдік берілмеуі, жасырын жұмыссыздық және тұрғын үйге, таза ауыз суына, санитарлық объектілер мен әлеуметтік қызмет көрсетулерге қол жетімсіздігі сияқты проблемаларды бастан кешуде. Ауыл қауымдастықтарының көпшілігі өздерінің күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін табиғи ресурстарға үміт артып келеді, нәтижесінде экологиялық деградация халықтың, әсіресе халықтың кедей топтары мен әйелдер басқаратын үй шаруашылықтарының әл-ауқатына және өмір сүру деңгейінің жақсаруына айтарлықтай

қауіп-қатер төндіруде. Денсаулыққа байланысты көптеген мәселелер таза ауыз суы мен санитарлық объектілерге жеткілікті түрде қол жетімсіздігі салдарынан туындап отыр, 2006 жылы елдің 39% астам халқы қауіпсіз ауыз суына тұрақты түрде қол жеткізе алмаған, бұл 7 МДМ қол жеткізуге қатысты елеулі алаңдаушылық туғызады. Тұрғындардың саналы табиғат қорғау тәжірибесі туралы ақпараттандырылуы жеткіліксіз, мұның өзі бір мезгілде олардың экономикалық ахуалын жақсартып отырып, т ү з е т у д і қ а ж е т е т е д і .

2.7 Қазақстанның алдында күрделі экологиялық мәселелер түр - солардың бірі, бар болғаны үш онжылдық ішінде суармалы жерлер аумағын екі есе ұлғайтуға әкелген Арал теңізі бассейніндегі апаттың салдары. Траншекаралық басқару мен су ресурстарын қорғау мәселелері ел үшін бірінші дәрежедегі маңызға ие. Судың шамадан тыс тұздылығы мен топырақтың тұздануы да айтарлықтай экологиялық мәселе болып табылады. Аймақтағы орман алқаптары 50%-ға азайды, қазіргі уақытта ел аумағының үштен екі бөлігін алып жатқан жердің эрозияға ұшырауы мен шөлейттену ауқымы өсті. Айрықша экологиялық және әлеуметтік мәселелер, сондай-ақ Семей полигонындағы жерасты және жерүсті ядролық қаруға 40 жыл бойы сынақ жүргізуге байланысты пайда болған денсаулық проблемалары әжептәуір алаңдаушылық туғызып отыр.

2.8 Қазақстандағы энергия шығындары орасан зор, бұл энергетикалық сектордың айрықша тиімсіздігін білдіреді. Негізгі себептер өндірістік құрал-жабдықтардың елеулі түрде тозуына, жылу және электр энергиясын шамадан тыс қолдануға әкелетін ескірген технологиялардың қолданылуына, кешенді энергия үнемдеуші әдістердің болмауына, сондай-ақ энерготұтынуы төмен өндірісті ынталандыратын инвестициялық және қаржы тетіктерінің жоқтығына байланысты.

2.9 Сонымен бірге, Қазақстан аумағы болып жатқан климат өзгерісі алдында барынша дәрменсіз. Климат өзгерісінің ықпалы, елдегі еріген судың басты көзі болып табылатын тау мұздақтарының еруі мысалында айрықша байқалуы мүмкін. Орта Азиядағы барлық елдердің ішінде Қазақстан - жан басына және ЖІӨ қатынасына шаққанда, ең жоғары деңгейде парникті газдардың түзілуімен сипатталады. Өнеркәсіп өндірісі мен электр энергиясын өндіруде көмір қолдануға негізделген ескі технологияларды пайдалану жоғарғы парникті газ түзілуінің деңгейде негізгі себебі болып табылады. Қазбалы отын негізінде жұмыс атқаратын энергетикалық сектор, әсіресе станциялар, парникті газдар түзілуі көлемінің шамамен 80%-ын береді. Дамыған өнеркәсіп деңгейі мен елдегі энергияның негізгі көзі ретінде саналы түрде көмірді тандап алу жағдайын ескеретін болсақ, Қазақстанның үлесіне Орталық Азияда атмосфералық ластанудың 40%-дан астамы тиеді.

2.10 Қазақстанға тән географиялық орналасу ерекшелігі - жер сілкінуін, су тасуын, құрғақшылықты және селдерді қоса алғанда, әртүрлі табиғи апаттарға бейімдігі болып табылады. Азық-түлік қауіпсіздігі мен таза ауыз суға қол жеткізу мүмкіндігін қоса алғанда, елдің аумағының шамамен 75%-ы осындай қауіп-қатерге шалдығуы

адамдардың өмір сүру мүмкіндігін шектейді.

2.11 Экологиялық тұрақтылыққа арналған құқықтық негіздердің болуына қарамастан, құқықтық құжаттардың ішінара қайталануы, заңдардың қанағаттанарлық түрде орындалмауы және жергілікті деңгейдегі адам ресурстары әлеуетінің төмендігі сияқты елеулі проблемалар бар.

3. Ынтымақтастық тәжірибесі мен оның нәтижелері

3.1 2005 - 2009 жж. арналған елдік бағдарлама үш бағыттағы ұлттық басымдықтарды қолдады: (а) кедейшілікті төмендету және мониторинг жүргізу; (б) демократиялық басқару мен даму және (в) экология мен адам қауіпсіздігі. Елдік бағдарламаның жалпы бюджеті 26,41 млн. АҚШ долл. көлемінде қарастырылды. 2005 - 2008 жж. кезеңіндегі бағдарламаның қаражаты 23,6 млн. АҚШ долл. көлемінде, ал 2009 жылы 10 млн. АҚШ долл. көлемінде бағаланды, осылайша, бағдарламаның жалпы бюджеті 33,6 млн. АҚШ долл. құрады.

3.2 Кедейлікті төмендету және мониторинг жүргізу саласында БҰҰДБ ҚР-дың Статистика агенттігіне және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (бұдан әрі - Еңбекмині) кедейшіліктің ұлттық шегін анықтауға (ең төмен күнкөріс мөлшері) және әлеуметтік қызметтер стандарттарының жаңа заңгерлік және реттеуші мазмұнын әзірлеуге қолдау көрсетті. Соңғы екі жыл ішінде БҰҰДБ, Еңбекмині сұранысы бойынша, БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары жөніндегі конвенциясына Қазақстан Республикасының қатысуының шарттарын дайындау үшін және оралмандарға арналған бейімдеу және оңалту орталықтарын ашуда Семей қаласының (бұрынғы Семипалатинск) жергілікті билік орындарына көмек көрсете отырып, жаңа көші-қон саясатының ақпараттық негізін дайындау үшін зерттеулер мен талдау жүргізу нәтижесінде, назарын екі нысаналы топқа: мүгедектер мен оралмандарға (репатрианттарға) жұмылдырды. Бұрынғы Семей ядролық полигоны ауданында БҰҰДБ ЮНИСЕФ-пен, БҰҰ-ның Тұрғын халық қорымен және БҰҰЕБ-мен бірлесе отырып, 2008 жылы денсаулық сақтау бөлігінен, экономикалық бөліктен және азаматтық қоғамды баулуға қатысты бөліктен тұратын адамдардың игілігін арттыруға бағытталған кешенді үшжылдық бағдарламаны бастады. Бұл бағдарлама 2002 - 2005 жылдары табысты түрде жүзеге асырылған БҰҰДБ жобасының жалғасы болып табылады.

3.3 Елдің басқа өңірлерінде БҰҰДБ кәсіпкерлікті дамытуды қолдау (Атырау қаласы) және жұмыспен қамту (Алматы және Шымкент қалалары) салаларында жергілікті билік органдарымен және жеке компаниялармен бірге жұмыс істеді. Соңғы үш жылдың ішінде бірқатар жеке меншік компаниялар мен кәсіпкерлер қауымдастықтары «Ғаламдық шарт» бастамасын ілгері жылжыту ісінде және елдегі корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамытуда БҰҰДБ-ның әріптестеріне айналды.

3.4 Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілігіне Мыңжылдықтың Даму Мақсаттарын оқшаулау жөніндегі сарапшылардың көмегі көрсетілді. Қазақстанның Академиялық қоғамдастығы аспирантураға арналған адамзат дамуы мәселелері бойынша оқу жоспарын әзірлеуде қызығушылық білдірді - БҰҰДБ қолдауымен адамзат дамуы бойынша оқу курсы мен қажетті білім беру материалдары дайындалып, Ж О О - ғ а е н г і з і л д і .

3.5 Демократиялық басқару мен даму саласында БҰҰДБ Парламентпен, жергілікті өкілді органдармен (бұдан әрі - мәслихаттар), азаматтық қоғамның басқа да агенттіктерімен және ұйымдарымен бірлесе отырып, парламенттік институттарды, адам құқықтары жөніндегі ұлттық тетіктерді және гендерлік тетіктерді дамытуға және осы іске азаматтық қоғамды тартуды ілгерілетуге қатысты жұмысты жүзеге асырды. Қол жеткізген басты нәтижелердің бірі 2006 жылы - азаматтық қоғамның, академиялық топтар мен басқа да топ өкілдерінің заң жобаларын Парламентте қараудан бұрын оларды талқылауға мүмкіндік беретін, Мәжіліс жанындағы Қоғамдық сарапшылар палатасының құрылуы болды. БҰҰДБ Қоғамды ақпараттандыру науқанына қолдау білдірді, мұның өзі Палатаны 2008 жылдан бастап ресми құрылған ұйым ретінде мемлекет тарапынан қаржыландыруға мүмкіндік берді. Жобаның табыстары қоғамдастықтар, мәслихаттар мен Парламент арасындағы байланысты жақсарту үшін Батыс Қазақстан мен Шығыс Қазақстан облыстарының мәслихаттарында қоғамдық сараптаманың жергілікті органдарын және интерактивті екі веб-сайтты құруға м ұ р ы н д ы қ б о л д ы .

3.6 БҰҰДБ мен Парламент арасындағы диалог, 2007 жылдың қыркүйек айында құрылған Парламентаризмді дамыту институтының (бұдан әрі - ПДИ) тұжырымдамасын қалыптастыруға көмек көрсетті. ПДИ зерттеулер мен пікір-таластар жүргізеді және маңызды тақырыптарда (мысалы, жергілікті өзін-өзі басқару, бюджеттік процестер, парламенттік даму) басқа да бастамаларды жүзеге асырады. ПДИ БҰҰДБ-ның қолдауымен, саяси партиялар мен басқа да азаматтық қоғам ұйымдары өкілдерінің диалог жүргізу және саяси процестерге қатысуы мүмкіндігінің тұғырнамасы ретінде Саяси партиялар мен басқа да қоғамдық ұйымдардың клубын құрды. 2008 жылы Клубтың алты ірі отырысы өткізілді.

3.7 Орталық сайлау комиссиясы - БҰҰДБ-ның жұртшылықты ақпараттандыруға арналған және жергілікті сайлау комиссияларының, мемлекеттік органдардың, ҮЕҰ, саяси партиялардың, сондай-ақ БАҚ өкілдерін оқыту арқылы көрсетілген көмегі нәтижесінде, халықаралық білімді, тәжірибені және көмекті пайдаланды. БҰҰДБ гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарын әзірлеуді және жүзеге асыруды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және гендерлік-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясына көмек көрсетті. БҰҰДБ қолдауымен Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия адам құқықтары ұлттық тетіктерінің басқа елдерде

жұмыс істеу тәжірибесіне қол жеткізуге мүмкіндік алды және Адам құқықтары саласындағы іс-қимылдардың ұлттық жоспары әзірленді. ЮНЕСКО-мен бірлесе отырып, адам құқықтары жөніндегі ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін жеңілдету үшін адам құқықтарының мәселелері бойынша бірқатар цифрлық кітапханалар ашты.

3.8 БҰҰДБ алдыңғы бағдарламалық кезеңде мемлекеттік сектор реформаларына стратегиялық қолдау көрсеткеннен кейін, 2005 - 2007 жылдары мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттарын әзірлеу (2006 жылдың 1 қаңтарында қабылданған), адам ресурстарын басқару сапасын арттыру, функционалдық талдау жүргізу және оқыту, сондай-ақ мемлекеттік қызметке арналған кадрлық саясатты әзірлеу мәселелеріне көмек көрсетілді.

3.9 Экология және тұрақты даму саласында БҰҰДБ Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне, Су ресурстары комитетіне, Орман және аңшылық шаруашылығы комитетіне, Төтенше жағдайлар министрлігіне, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне және басқа да мемлекеттік органдарға бірқатар стратегиялық құжаттарды (Тұрақты даму жөніндегі ұлттық кеңестің қолдауындағы Тұрақты дамуға көшу тұжырымдамасы сияқты) және заң актілерін (ҚР Президентінің Жарлығымен қабылданған Экологиялық кодекс сияқты) дайындауда қолдау көрсетті. Сондай-ақ, БҰҰДБ халықаралық келісімдерді (Тұрақты органикалық ластаушылар жөніндегі Стокгольм конвенциясы, Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ-ның негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасы, Рамсар және Бонн конвенциялары сияқты) бекітуде және есеп беруде (Биологиялық әралуандықты сақтау туралы конвенцияны жүзеге асыру жөніндегі үшінші ұлттық есеп, БҰҰ КӨНК арналған екінші ұлттық хабарлама) қолдау көрсетті. СРИБ ұлттық және бассейндік жоспарлары арқылы су ресурстарын интеграциялық басқару әдісі дайындалды, сегіз бассейндік кеңес құрылды. Үкіметтік емес ұйымдар және қоғамдық бірлестіктер ФЭҚ Кіші гранттар бағдарламасының қолдауымен қоршаған ортаны қорғау және энергияны тиімді пайдалану салаларында 130-дан астам кіші жобаны жүзеге асырды.

3.10 Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті БҰҰДБ қолдауымен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды (бұдан әрі - ЕҚТА) басқару және аумағын кеңейту, Ғаламдық экологиялық қор мен басқа да қаржы көздерінің қаржысын тарту арқылы жойылып бара жатқан түрлерді қорғау саласында табыстарға жетті. БҰҰДБ ұсыныстарының негізінде Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңына ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарлары туралы ережелер енгізді. Екі жаңа ЕҚТА құру және қазіргі бар алты ЕҚТА-ның аумағын кеңейту үшін барлық мүдделі тараптар анықталып, келісім жұмыстары жүргізілді. Сулы-батпақты алқаптардың, агробиоәралуандықпен сипатталатын аумақтардың және Алтай-Саян экологиялық аймағының табиғи ресурстарын сақтау мәселелері бойынша жұртшылықтың ақпараттандырылуы арқылы, әртүрлі мүдделі топтарға бағытталған, жойылып бара

жатқан маңызды түрлер туралы жұртшылықты ақпараттандыру науқаны арқылы көмек көрсетілді. Қазақстанның биоэрауандығын сақтау қоры құрылды.

3.11 Жел энергетикасына инвестицияларды ынталандыруға арналған ұсыныстармен қатар, қалпына келтірілетін энергия көздерін дамытуға арналған құқықтық және реттегіш негіздер дайындалды. Бүкіл ел бойынша жел энергетикасы әлеуетін бағалау жүргізілді және БҰҰДБ жел әлеуеті жөніндегі мониторингтік мәліметтерді дайындау, нормативтік-құқықтық базаны қолдау және Үкімет пен ықтимал инвесторлардың арасындағы диалогқа жәрдемдесу арқылы, елдегі тұңғыш жел электр станциясының құрылысына инвестициялар тартуға белсенді түрде қатысуда. Табиғи монополияларды реттеу агенттігімен, сондай-ақ Алматы және Астана қалаларының әкімшіліктерімен ынтымақтаса отырып, БҰҰДБ қоғамдық және муниципалитет ғимараттарын жылумен жабдықтау және ыстық сумен қамтамасыз ету кезінде энергияны қолдану тиімділігін ілгерілету бойынша ірі ауқымды бастама бастады.

3.12 БҰҰДБ табиғи апаттарға бейім Алматы облысының анағұрлым қауіпті аумақтарына зерттеу жүргізуге, сондай-ақ зерттеулер мен мониторинг жүргізу үшін қажетті қолда бар инфрақұрылым мен әлеуетті бағалауға көмек көрсетті. Әртүрлі нысаналы топтар үшін бағдарламалар мен оқу материалдары дайындалды, сондай-ақ семинарлар өткізілді. Табиғи апаттарға дайындықты қамтамасыз ету және оның қауіптерін төмендетудің ұлттық бағдарламасы дайындалды, қазіргі уақытта оның б е к і т і л у і к ү т і л у д е .

3.13 Елдің дамуының жаңа кезеңіндегі даму саласындағы басымдықтар мен қажеттіліктерге ден қоюды жақсарту мақсатында 2007 - 2008 жылдары БҰҰДБ-ның елдік кеңсесі Астана қаласына көшірілді. 2007 жылы даму мақсатында көмек көрсету жөніндегі БҰҰ-ның негіздемелік бағдарламасына (ЮНДАФ) орта мерзімді шолу жүргізілді, 2006 - 2009 жылдар кезеңінде жұмыстың негізгі бағыттары бойынша нәтижелерге қол жеткізу бойынша төрт бағалау жүргізілді. Бағдарламаның қолданылуы барысында алынған маңызды сабақ, табыс деңгейі орташа елдердің дамуы саласындағы қажеттіліктеріне сәйкес келетін ынтымақтастықтың жаңа құралдарын қолдану қажеттілігімен қорытындыланады.

4. Ұсынылып отырған бағдарлама

4.1 Елдік бағдарлама 2010 - 2015 жылдар кезеңінде жүзеге асырылады. Бағдарлама Қазақстанның 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму бағдарламасының кезекті кезеңі болып табылатын Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі (бұдан әрі - «Қазақстан-2020») стратегиялық даму жоспарында (бұдан әрі - «Қазақстан-2030») баяндалған ұлттық дамудың басымдықтарына қол жеткізуге өз үлесін қосады. БҰҰДБ-ның Елдік бағдарламасы Мыңжылдық дамудың ұлттық мақсаттарына қол жеткізуге өзінің тікелей үлесін қосады. БҰҰДБ-ның қызметі БҰҰ-ның Балалар қоры (

бұдан әрі - ЮНИСЕФ) мен БҰҰ-ның Тұрғын халық саласындағы қорының (бұдан әрі - ЮНФПА) жұмысымен келісілген.

4.2 Елдік бағдарламаның осы іс-қимыл жоспарында Үкімет пен БҰҰДБ арасындағы ынтымақтастықтың 2010 - 2015 жылдарға арналған бағыттары егжей-тегжейлі сипатталған. ЕБІҚЖ 2009 жылдың сәуірінде Үкімет қол қойған, Даму мақсатында көмек көрсету жөніндегі БҰҰ-ның негіздемелік бағдарламасына негізделген. Қазақстандағы БҰҰ-ның көмегінің ұжымдық басымдықтары туралы аталған ортақ келісімді пайдалана отырып, БҰҰДБ Үкіметтегі, Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесіндегі басты әріптестермен және азаматтық қоғам мен жеке сектордағы басқа да әріптестерімен, БҰҰДБ-ның салыстырмалы артықшылықтары және Қазақстан мемлекеті сияқты, табыс деңгейі орташа ел контекстінде БҰҰДБ-ның ұлттық, дамуға қосқан стратегиялық үлесі бойынша консультациялар өткізді. Осы консультациялар нәтижесінде, БҰҰДБ/ЮНФПА-ның Атқарушы кеңесі 2009 жылғы қыркүйекте мақұлдаған, 2010 - 2015 жылдарға арналған БҰҰДБ-ның Елдік бағдарламасы дайындалды.

4.3 2010 - 2015 жылдарға арналған БҰҰДБ-ның Елдік бағдарламасы Қазақстанға, оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың ұлттық стратегиялары мен жоспарларын іске асыруға жәрдемдесуге бағытталған, бұл орайда халықтың игілігі үшін адам дамуына айрықша көңіл бөлінеді. БҰҰДБ бағдарламаның үш компоненті арқылы ұлттық басымдықтар мен ұлттық әлеуеттің дамуына өз үлесін қосады:

а) халықтың осал топтарына ерекше назар аудара отырып, баршаға арналған экономикалық және әлеуметтік игілік;

ә) тұрақты табиғат пайдалануға, климаттың өзгеруі салдарын жұмсартуға және оған бейімделуге, табиғи және техногендік апаттарға дайын болуға ерекше назар аударатын, қоршаған ортаның тұрақтылығы; және

б) адам құқықтарын қорғауға және ілгері дамытуға, сондай-ақ демократиялық институттарды нығайтуға ерекше назар аударылатын тиімді басқару.

4.4 БҰҰДБ білімнің ғаламдық қорына, озық тәжірибеге, алынған сабақтар мен бұрынғы ынтымақтастыққа сүйене отырып, бұл салаларда салыстырмалы артықшылықтарға ие болды. Бағдарламаның 2010 - 2015 жылдарға арналған қаржылық қоржынының жалпы көлемі 44,04 млн. АҚШ долл. құрап отыр, оның ішінде 4,44 млн. долл. - белгіленген тұрақты (негізгі) ресурстардың бөлінуі, ал 39,6 млн. долл. - басқа қаржы көздерінен жұмылдырылған бағдарламалық ресурстар. Бағдарламаның ұсынылып отырған соңғы және аралық нәтижелері Нәтижелер мен ресурстар кестесінде егжей-тегжейлі сипатталған (1-қосымшаны қараңыз).

4.5 Бағдарламаның 1-құрамдауышы: Баршаға арналған экономикалық және әлеуметтік игілік

4.5.1 Қазақстан үшін экономикалық өсу маңызды басымдық болып табылатын кезеңде, өсудің ерекшелігі оның тұрақтылығын айқындайды. Барлық азаматтардың өмір сүру деңгейін жоғарылату Қазақстан үшін негізгі мәселе болып отыр. Бұл мәселе әсіресе ауыл тұрғындары үшін, сондай-ақ тұтас алғанда, кедейлік шегінен төмен деңгейде өмір сүріп жатқан немесе табысы төмен қазақстандықтардың үштен бір бөлігі үшін өзекті. Бұл топтың төмен және тұрақсыз табыстарының мәселесі жұмыспен қамтудың тұрақсыздығымен, жұмысқа тұруға, тұрғын үйге, таза ауыз суға, санитарлық жағдайлар мен әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу мүмкіндіктеріне қатысты дәрменсіздік пен тәуекелдердің болуымен күрделене түседі.

4.5.2 2008 жылы тұтынуға пайдаланылған табысы күнкөрістің ең төмен деңгейінен төмен халықтың үлесі 12,1% құрады. Кедейшілік пен дәрменсіздік мәселелері көпшілігін әйелдер құрайтын бейресми секторда өз бетінше жұмыспен қамтылған халыққа тән сипат. Өңірлер, ауылдық елді мекендер, шағын қалалар арасында айырмашылықтар байқалады, тұтас алғанда батыс және оңтүстік аймақтар өмір сүру деңгейімен елеулі түрде ерекшеленеді. Үкімет, сондай-ақ көпжақты және екіжақты институттар төмендегідей кедергілерді атап көрсетеді: бизнес жүргізуге арналған жетілдірілмеген нормативтік құқықтық шарттар, әсіресе, аз қамсыздандырылған аймақтардағы және экономикалық тұрғыдан халықтың осал топтарын, оның ішінде мүгедектердің, әйелдердің, жастар мен қоныс аударушылардың (оралмандардың) бизнес жүргізудегі бастапқы білімдерінің жеткіліксіздігі және бастапқы қаржыландыруға жеткілікті қол жетімсіздігі. Еңбекке жарамды жастағы жастар мен ересектердің елеулі бөлігі жұмыс орындары мен мүмкіндіктердің жетіспеушілігінен, сондай-ақ, жергілікті жерлердегі жалақының төмендігінен ауылдан қалаға қоныс аударуда.

Нәтижелер және стратегиялар

4.5.3 Бағдарламаның осы құрамдауыштарындағы БҰҰДБ күш-жігері Мыңжылдықтың даму принциптері мен міндеттерін жергілікті жерлердегі деңгейде енгізуге жұмылдырылады. Негізгі назар - аудандар, қоғамдастықтар мен отбасылар деңгейінде халықтың осал топтарына сапалы мемлекеттік қызмет көрсету арқылы саясатты іске асыруға қажетті әлеуетті дамытуға шоғырландырылған. БҰҰДБ Мүгедектердің құқықтары туралы халықаралық конвенцияның және оның Қазақстандағы факультативтік хаттамасын бекіту процесіне және оны одан әрі іске асыруға, сондай-ақ, арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету жүйесін жетілдіруге көмек көрсетеді. Басқа да агенттіктер мен бірлесе отырып, БҰҰДБ аймақтық деңгейдегі бастамаларды қолдайды. Солардың бірі бұрынғы Семей ядролық полигоны айналасындағы аймақты әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қалыптастыру болып табылады. БҰҰ-ның біртұтас әдістемесі аясында әлеуметтік қызметтердің қол

жетімділігіне, олардың сапасына, теңдігіне және пайдалану мәселелеріне, сондай-ақ салааралық ынтымақтастыққа ерекше назар аударылады.

4.5.4 БҰҰДБ-ның салыстырмалы артықшылықтары - айтарлықтай деңгейде жан-жақты және тұрақты даму мен өсуге бағытталған кең ауқымды мәселелер бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарына байланысты. Бұл халықтың әлеуметтік осал топтарымен, сондай-ақ, Қазақстандағы институционалдық және адамдық әлеуеттің даму мәселелері бойынша жұмысындағы үлкен тәжірибемен толықтырылады. БҰҰДБ өндірілген тауарлардың экспортын ұлғайту мақсатында тауарларды жеткізу саласындағы бәсекеге қабілетті әлеуетін еселеу үшін қолайлы ортаны дамытуға, сондай-ақ, халықаралық нарық талаптарына сәйкес тауарлар мен кәсіпорындардың сәйкестілігін қамтамасыз етуге, халықаралық өткізу рыноктарымен байланысты нығайту үшін қажетті жағдай жасауда көмек көрсете алады. Жұмыспен қамтуға қатысты, БҰҰДБ талдауды, сараптамалық бағалауды және халықаралық тәжірибелерді ұсына алады, сондай-ақ, заңнамалық негізді жетілдіру жөнінде техникалық көмек көрсетеді. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті ілгерілету мақсатында жеке сектормен әріптестік дамытылады. Бұған қоса, өңірлік ынтымақтастық пен кіріктіруге ықпал ететін бастамаларға қолдау көрсетіледі, сондай-ақ, мәселен, экономикалық реформалау және сауда-саттық келіссөздері саласында өңірлердегі елдер арасында білім беруді қалыптастыру және алмасу бойынша күш-жігер жұмсалады.

4.6 Бағдарламаның 2-құрамдаушысы: Қоршаған ортаның тұрақтылығы

4.6.1 Еуразияның орталығында орналасқан Қазақстан бірегей және әр алуан ландшафтқа ие. Мұнда Сібір ойпатындағы орманды даладан бастап, Каспий теңізінің жағалауы мен орталық шөлейтті далалардан Тянь-Шяньнің альпілік жүйелеріне дейін іс жүзінде кез-келген биогеографиялық өлкелерді кездестіруге болады. Аталған экожүйелер Қазақстанның ғаламдық маңызы бар биологиялық аралуандылығын сақтайды. Мұнда өсімдіктердің 6000-нан астам түрі кездеседі, олардың 14% эндемикалық түрлер. Қазақстанда құстардың 489-ға жуық түрі тіркелген. Қазақстанның үлесіне, 123 млн. га жуық «табиғи мекен ету ортасын» қоса алғанда, солтүстік және орталық Қазақстанның 160 млн. га аумағын алып жатқан, Жер бетінде сақталған табиғи понтийлік далалардың едәуір бөлігі кіреді. Қазақстанның далалық экожүйелерінде бірегей флоралық құрамы бар, 30 эндемикалық түрлерді қамтитын 2000-ға жуық өсімдік түр тіркелген. Сондай-ақ Қазақстан далалары елде кездесетін сүтқоректілердің 24 түрінің жойылып бара жатқан 9 түрін қоса алғанда, далалық фаунаның ғаламдық деңгейде қауіп-қатер төнген түрлерінің мекен ету ортасы болып табылады. Қазақстанның далалық экологиялық аймақтары үшін басты қауіп-қатер - тұяқтылардың таралуы мен қонысының өзгеруіне, ақбөкеннің көп бөлігінің жойылуына әкелген аң аулау кәсіпшілігіне байланысты мекен ету ортасының нашарлауы болып табылады.

4.6.2 Климаттың өзгеруі - адамзаттың дамуына, экожүйелердің тұрақтылығына қауіп төндіретін, дүние жүзіндегі миллиардтаған адамдар мен тұтас ұлттарға елеулі экономикалық және әлеуметтік қиыншылықтар тудырып отырған, ғаламдық қатер болып отыр. Қазақстанға да климат өзгерістерінің салдары қоршаған орта мен әлеуметтік-экономикалық жүйе үшін елеулі қатер төндіреді. Климат өзгерісіне байланысты ауыл шаруашылығы тауарларының кейбір түрлерінің өнімі төмендеп кетті, су ресурстарының сапасы мен көлемі елеулі ықпалды бастан кешуде. Энергия мен көмірсутекті ресурстарды орасан зор көлемде тұтыну Орталық Азия елдерінің атап өтер ерекшелігі болып отыр. Қазақстан дүние жүзінде ПГ түзілімінің көлемі бойынша төртінші орында (Дүниежүзілік ресурстар институты, 2005 ж.) және жан басына шаққанда, сондай-ақ ЖІӨ-ге қатысты ПГ түзілімінің ең жоғары деңгейімен сипатталады. Энергетикалық сектор ПГ түзілімінің (80,4%) негізгі көзі болып қалып отыр.

4.6.3 Қазақстанның географиялық орналасуы - жер сілкінісі, су басу, құрғақшылық және сел сияқты әртүрлі табиғи апаттарға жоғары деңгейдегі бейімділігімен ерекшеленеді. Бұл өз кезегінде тиісті түрде тамақтану мен ауыз суды қоса алғанда, адамдардың экономикалық ахуалын шектейді. Ел аумағының 75%-ы осындай санатқа жатады. Ел халқының шамамен 40%-ы Рихтер шәкілі бойынша 6-10 балдық жер сілкінісі болуы мүмкін сейсмикалық белсенділігі жоғары аудандарда мекен етеді. Қазақстанның сейсмикалық белсенді аудандарында тұрғын үй ғимараттарының 38 пайызы мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың 40 пайызы орналасқан. Бір миллионға жуық адамдар су тасу қаупі бар 732 елді мекенде тұрады. Климатқа байланысты көшкіндер, құрғақшылық және басқа да табиғи апаттар соңғы бірнеше онжылдық ішінде анағұрлым жиі кездесетін құбылысқа айналды, мұның өзі елеулі адам құрбандығы мен экономикалық шығындарға әкелді. 2008 жылы ғана табиғи және антропогендік апаттардың салдарынан экономикалық шығындар 20 533 млн. теңгені (171 млн.долл.) құрады. Табиғи және антропогендік апаттарды болдырмау, дайындалу және қарсы әрекет ету жөніндегі Қазақстан тәжірибесі - мақсатты аймақтардағы жұмыс үшін жаңа ұстанымдарды және жергілікті өкімет орындары мен республикалық мемлекеттік органдар арасындағы үйлестіруді жақсартуды талап етеді. Оның үстіне Қазақстан бастан кешіп отырған көптеген проблемалар күшейтілген аймақтық ынтымақтастықты және бірыңғай ұстанымды әзірлеуді қажет етеді.

4.6.4 Қазақстан өзендерінің көпшілігі өз бастауларын елден тыс аумақтардан алады, бұл республиканы көршілес елдердің су ресурстарына тәуелді етіп отыр. Сондықтан су ресурстарын басқару саласындағы трансшекаралық мәселелер және аймақтық ынтымақтастық Үкіметтің күн тәртібіндегі жоғары басымды мәселе болып саналады. Әсіресе Сырдария өзені бассейніндегі өңірлік мәселелер кеңес дәуірі кезеңінде қалыптасқан гидроэнергетикаға тәуелділікпен күрделене түседі. Жоғарғы ағыста орналасқан елдердің қатысуынсыз су ресурстарына қатысты өткір ахуалды ұлт

күш-жігерімен жеке-дара шешу мүмкін емес.

4.6.5 Қазақстан ішкі су ресурстарын басқару саласында - инфрақұрылым бөлігінде де, сондай-ақ басқару саласында да бірқатар елеулі проблемалардан зардап шегуде. Қазіргі таңда туындап отырған мәселелердің кейбіреуі Су ресурстары комитеті мен оның аймақтық бөлімшелерінің (өзен бассейндерінің мекемелері, бұдан әрі - ҰБМ) мәртебесінің сәйкес еместігі, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам әлеуетінің жеткіліксіздігі және ұйымдастыру құрылымдары мен салалық бөлудің дамымағандығы сияқты мәселелермен шектелмейді, елдегі су ресурстарын интеграциялық басқару саясатын тиімді ілгерілету қажет.

4.6.6. Елдегі коммуналдық су жабдықтау саласының қазіргі деңгейіне соңғы жүргізілген ірі көлемді зерттеулер (БҰҰДБ 2006 жыл), халықтың 39%-дан астам бөлігі су көздерінің ластануы және сумен жабдықтау жүйесінің қанағаттанғысыз техникалық жәй-күйі салдарынан таза ауыз суына тұрақты түрде қол жеткізе алмай отырғандығын көрсетті. Бұл мәселе әсіресе ауыл тұрғындары үшін айрықша көкейтесті, ол жерлерде орталық сумен жабдықтау жүйесінің болмауынан ауыз суының - тазалығы күмәнді көздері пайдаланылуда және ауыл тұрғындарының үштен бірі суға жарымай отыр. 90-шы жылдармен салыстырғанда, соңғы уақытта, сумен жабдықтау жүйесінің құрылысын салуға және жөндеу жұмыстарын қаржыландыруға инвестициялар тарту ұлғайтылды, бұл ретте ауылдық аудандарға ерекше көңіл бөлінуде. Қазақстандағы МДМ туралы есепте (2007 ж.) 103-ші мақсатқа қол жеткізу мүмкіндігі «әлеуетті» деп бағаланады, мұның өзі қажетті шаралар мен жеткілікті қаржыландыру және ұйымдастырушылық қолдау болған жағдайда аталған мақсатқа қол жеткізу мүмкін екендігін білдіреді.

Нәтижелер мен стратегиялар

4.6.7 ЮНДАФ-тың аталған нәтижесіне қол жеткізу үшін БҰҰДБ республикалық және жергілікті мемлекеттік органдардың, жеке сектордың, ҮЕҰ/ҚҰ, фермерлердің тұрақты және интеграцияланған табиғат пайдалануы саласындағы әлеуетін өсіретін болады, бұл орайда биоэралуандылықты сақтауға бағытталған мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуы мүмкін тұрақты құралдарға және қаржыландыру тетіктеріне ерекше назар аударылады, сумен жабдықтаудың, жерді пайдалануды жоспарлау мен басқару үлгілерінің интеграциялануы мен іске асырылуының тұрлаулылығын қамтамасыз етуге және далалық, сондай-ақ жайылымдық аумақтарды сақтауға көңіл б ө л і н е д і .

4.6.8 БҰҰДБ-ның ғаламдық тәжірибесі Қазақстандағы экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуде өз үлесін қосуға мүмкіндік береді. БҰҰДБ Қазақстанға БҰҰ КӨНК-ке қатысты Киото хаттамасы, Биологиялық әралуандылық жөніндегі конвенция, Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенция мен Төзімді органикалық

ластаушылар туралы Стокгольм конвенциясы сияқты қоршаған ортаны қорғау жөніндегі халықаралық конвенциялар мен келісімдер шеңберінде қабылданған міндеттемелерін орындауда Қазақстанға елеулі көмек көрсете алады. БҰҰДБ өз қызметі шеңберінде, атап айтқанда, құқықтық тұрғыдан тең емес даму және әлеуметтік оқшаулану сияқты экологиялық азып тозудың негізі себептерін шешуде айтарлықтай тәжірибе жинақтады.

4.6.9 БҰҰДБ ауылдағы су ресурстарын басқару мен табиғи апаттардың қатерлерін басқару мәселелерін ғана емес, сондай-ақ табиғи ресурстарды қалпына келтіру мен қорғауда (оның ішінде, ғаламдық имидждік компьютерлік бағдарламалар пайдаланылатын жедел есепке алудың ақпараттық жүйесін (GIS) және көзқарастың ғаламдық жүйесін (GPS) енгізу арқылы, технологияларды дамытуға мән беруде, жергілікті жерлердегі деңгейде және ауылда экологиялық мәселелерді шешуде қолдау мен жәрдем көрсете алады. Жайылма алқаптар мен орманды жерлерге екпе ағаштар отырғызу Жайық, Сырдария, Іле және Ертіс өзендерінің суын толықтырудағы аса маңыздылығын ескере отырып, БҰҰДБ осы аумақтарда биологиялық әралуандылықты сақтау жөніндегі бастамаларды әзірлеуде мемлекеттік органдарға қолдау көрсете алады. БҰҰДБ басымдықты аумақтарда табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және молықтыруға бағытталған күш-жігерді қолдайды, қоршаған ортаны қорғау мен адамдардың экономикалық ахуалын жақсартуға бағытталған ҮЕҰ мен қоғамдық ұйымдардың бастамалары ҒӘҚ-дың шағын гранттарының бағдарламалары арқылы қолдайтын болады.

4.6.10 БҰҰДБ климаттың өзгеруіне бейімделуге және салдарын жұмсарту жөніндегі экономиканың анағұрлым осал секторларына ерекше назар аударылған даму саласындағы ұлттық жоспарлау жүйесін кешенді ұлттық стратегияларға кіріктіруге қолдау көрсетеді. Энерготииімділікті жоғарылату мен қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу тәжірибесін жақсарту бойынша шаралар дайындалады және көрсетіледі.

4.7 Бағдарламаның 3-құрамдауышы: Тиімді басқару

4.7.1 Елдің 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы мен салалық стратегиялары Қазақстандағы тиімді және әділетті демократиялық басқарудың маңыздылығын айқындайды. Мемлекеттік сектор қызметінің тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ұлттық дамудың стратегиялық басымдықтары ретінде белгіленген.

4.7.2 Мемлекеттік басқару секторындағы кешенді реформалар Қазақстанда 1997 жылдан бастап жүргізілуде, барлық деңгейдегі басқарудың тиімділігі мен нәтижелілігіне қарамастан, одан әрі жетілдіруді талап ететін әлеуметтік диалог арқылы адамдардың пікір білдіру мүмкіндіктеріне қатысты демократиялық институттардың кемелділігін қоса алғанда, тиімді мемлекеттік қызмет көрсетуге кедергі келтіретін

институционалдық шығындар бар. Республика азаматтарының барлық санаттарының әлеуметтік интеграцияға және қызметтерге теңдей қол жеткізуі үшін жергілікті басқару органдарының міндеттері мен қызмет көрсетудегі әлеуетінің (мүмкіндігінің) сәйкес емес тұстарын жойып, азаматтық қоғамның дамуын жеделдету керек. Көбінесе қазіргі сыбайлас жемқорлық мемлекеттік құрылымдардың адамдар алдындағы міндеттемелерін орындауға деген ниеттері мен мүдделеріне сенбеушілік тудырады.

Нәтижелер мен стратегиялар

4.7.3 Қазақстан қосылған адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттарға ұлттық заңнама мен оны енгізу тетіктерін сәйкестендіру ЮНДАФ бағдарламасының жүзеге асырылуы мерзіміндегі басты мақсат болып табылады. Тәуелсіз сот жүйесін, БАҚ пен азаматтық қоғамның саяси процестерге қатысуын нығайту арқылы сот әділдігі мен ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін беру арқылы адам құқықтарын қорғауға және сақтауға негізгі назар аударылады. Бұл орайда Адам құқықтары саласындағы іс-қимыл жоспарын және Гендерлік теңдік стратегиясын анағұрлым тиімді жүзеге асыру және мониторинг жүргізу маңызды болып табылады. Заң қабылдау процестерінде барлық саяси партиялардың, ҮЕҰ мен басқа да қатысушылардың өкілдік ету және қатысу тетіктері күшейтіледі.

4.7.4 БҰҰДБ-ның заң шығару және нормативтік қызметтерді жетілдіруде, ұлттық Парламент пен жергілікті өкілетті органдарының (мәслихаттар) бақылау және заң шығару қызметтерін күшейтуде және парламенттік процестер мен рәсімдердің тиімділігін арттыруда Қазақстанға көмек көрсетуде көпжылдық тәжірибесі бар. БҰҰДБ бұдан былай да есірткі заттарының заңсыз айналымы мен ұйымдасқан қылмыс сияқты трансшекаралық мәселелерді шешуге қатысты көпжақты әріптестікті дамыту ісінде техникалық және консультативтік көмек көрсету арқылы әкімшілік реформаларды жүзеге асыру әлеуетін дамытуға қолдау көрсетеді.

4.7.5 БҰҰДБ жергілікті басқару органдарының нәтижеге бағытталған жоспарлау саласындағы әлеуетін күшейту, шешімдер қабылдау жүйесін дамыту, бюджет жасау, әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларға әкімшілік жүргізу, стратегиялық және бағдарламалық құжаттар көрсеткіштерінің теңдестірілген жүйесін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді. Демократиялық институттардың құндылығы мен принциптерін атап көрсету үшін дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен бірге қызметкерлердің қарым-қатынасы мен мінез-құлқын өзгертуге де маңыз берілетін болады. Шешімдер қабылдаудың мемлекеттік процестеріне азаматтардың анағұрлым белсенді қатысуы, қоғамды жұмылдыру мен қызмет көрсету - даму саласындағы ынтымақтастықтың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. БҰҰДБ «көлбеулі» әлеуметтік, яғни әртүрлі әлеуметтік топтардың арасындағы ұйымшылдықты, мемлекет пен халық арасындағы «тік» ұйымшылдықты қалыптастыруға, яғни, мемлекеттік

биліктің үлкен әлеуметтік бағыт алуына жәрдемдеседі. Бұл ретте, ауыл тұрғындарын, әйелдерді, мүгедектерді, қарттар мен әлеуметтік-мәдени аз топтарды қоса алғанда, халықтың осал топтарына ерекше назар аударылады.

4.8 Өңірлік ынтымақтастық

Орталық Азиядағы БҰҰДБ кеңселерімен тығыз ынтымақтаса отырып, Қазақстандағы БҰҰДБ экологиялық басқаруды ілгерілетуге, адамдар қауіпсіздігі мен транспарентті басқаруда аймақтық бастамаларға белсенді түрде қатысатын болады және аймақтық ынтымақтастық пен интеграцияны, оның ішінде Қазақстанның жаңа донор ретіндегі маңызын қолдайды.

5. Әріптестік стратегиясы

5.1 Қазіргі және жаңа әріптестердің ЕБІҚЖ табыстылығында алатын маңызы зор.

5.2 Ұлттық деңгейде Сыртқы істер министрлігі мен Экономикалық даму және сауда министрлігімен (бұдан әрі - ЭДСМ) әріптестік нәтижесінде, 2009 жылы қол қойылған, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы арасындағы Ұлттық дамудың жаңа кезеңіндегі ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандум шеңберінде Стратегиялық консультативтік кеңес құрылды. Кеңес құрамына СІМ, ЭДСМ мен БҰҰДБ-ның өкілдері кіреді, бірақ қажеттілігіне қарай, отырыстарға қатысу үшін басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері шақырылады. Кеңестің отырыстары БҰҰДБ мен Қазақстан Үкіметі арасындағы ынтымақтастық бағыттарына шолу, ынтымақтастық сұранымдарын зерттеу және қол жеткізілген нәтижелердің жыл сайынғы шолуын әзірлеу және іске асыру үшін басымдықты жобалардың тізімін келісуді жүргізу мақсатында жылына кемінде 1 рет, к е з е н і м е н ө т к і з і л е д і .

5.3 Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен, Мұнай және газ министрлігімен, Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Ақпарат және байланыс министрлігімен, Мәдениет министрлігімен, Индустрия және жаңа технологиялар министрлігімен және Үкіметтің құрамына кіретін басқа орталық органдармен, Президент және Парламент жанындағы комиссиялармен тығыз қарым-қатынас пен әріптестік жалғастырылатын болады. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында жергілікті әріптестер ретінде облыстық және аудандық басқару органдарымен байланыс орнатылады. Басқа да мамандандырылған әріптестер ұлттық ҮЕҰ, бизнес және іскерлер қауымдастығы болып табылады.

5.4 Бағдарламаның қолданылуы кезеңінде БҰҰДБ донорлардың үйлестіруші топтарына және отырыстарына қатысады, Елдік бағдарлама нәтижелерінің дамудың стратегиялық басымдықтарына сәйкестілігін қамтамасыз ету мақсатында, даму жөніндегі барлық әріптестерімен белсенді диалогты қолдайды. Қазақстандағы

БҰҰ-ның басқа да агенттіктерімен, әсіресе ЮНИСЕФ, ЮНФПА, БҰҰЕБ, ЮНЭЙДС, ЮНИФЕМ, сондай-ақ БҰҰ-ның ЕЭК, АТМЭЭК және ХЕҰ ынтымақтастық БҰҰДБ үшін аса маңызды болып қала береді және ынтымақтастық жалғастырылады.

5.5 БҰҰДБ қоғамдық ұйымдардың және нысаналы топтардың өкілдерін қоса алғанда, Қазақстандағы БҰҰ-ның басқа да агенттіктерімен, Үкіметпен және азаматтық қоғамдағы әріптестерімен тақырыптық топтардың отырыстарында және бірлескен стратегиялар мен бірлескен жыл сайынғы шолулар мәселелеріне қатысты отырыстарда ЮНДАФ үйлестіру тетіктерінде маңызды рөл ойнайды. Бағдарламаның іске асырылу барысы БАҚ-тарда (электронды түрлерін қоса алғанда) кеңінен жария етіледі. Бірлескен жобаларды іске асыру кезінде мониторинг жүргізу және бағалау бойынша бірлескен қызмет атқарылады. Бұл тетіктердің егжей-тегжейлі сипаттамасы VII бөлімде келтірілген. Бағдарлама бойынша әріптестердің толық тізімі 1-қосымшадағы Нәтижелер мен ресурстар кестесінде көрсетілген.

6. Бағдарламаны басқару

6.1 Бағдарлама Сыртқы істер министрлігі тарапынан (Үкімет тарапынан үйлестіруші агенттік) жалпы үйлестіру кезінде ұлттық орындау тәртібінде жүзеге асырылады. Бағдарлама шеңберіндегі іс-шараларды іске асыруды министрліктер, ҰЕҰ, БҰҰ агенттіктері, оның ішінде БҰҰДБ жүзеге асырады. Үкімет тарапынан үйлестіруші орган БҰҰДБ қатысуымен дайындалған әрбір ЖЖЖ Үкіметтің қатысуына тікелей жауапты ынтымақтастық жөніндегі әріптесті тағайындайды. ЖЖЖ қол жеткізілуі тиіс нақты нәтижелерді сипаттайды және БҰҰДБ мен әрбір Атқарушы әріптес арасындағы ресурстарды пайдалану жөніндегі негізгі келісім болып табылады. «Атқарушы әріптес» (Атқарушы әріптестер) Келісімде қолданылатын «атқарушы мекеме» (атқарушы мекемелер) термині мәнімен мәнделс.

6.2 БҰҰДБ бағдарламаны әзірлеу және іске асыру кезінде негізгі әріптестерімен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді және ҰЕҰ мен нысаналы топтар өкілдерін тартатын болады. Елдік бағдарлама Біріккен Ұлттар Ұйымының реформалау принциптеріне негізделген, әсіресе жеңілдету және үйлестіру принциптері ескерілген және ЮНДАФ-тың нәтижелер матрицасы, мониторинг жүргізу және бағалау, сондай-ақ ЕБІҚЖ мен ЖЖЖ ресурстар бағдарламасының құрылымы сияқты үйлестірілген елдік бағдарламалық құралдарға сәйкес жүзеге асырылады. Бағдарлама бастамаларын жүзеге асыру үшін БҰҰДБ мен әріптестер қажетті құжаттардың ең төменгі көлемін, атап айтқанда, ЕБІҚЖ мен ЖЖЖ қол қойған құжаттарды пайдаланады. Бірақ, қажеттілігіне қарай, оның ішінде, ЕБІҚЖ мен ЖЖЖ-ның тиісті мәтінін қолдану арқылы жобалық құжаттарды дайындау жүзеге асырылады. БҰҰДБ корпоративтік тәжірибеге және жергілікті талаптарға сәйкес әріптестерімен бірге жобалық құжаттарға қол қояды. БҰҰ-ның Даму жөніндегі тобының бірлескен бағдарламаларды дайындау жөніндегі

басшылығына сәйкес, жаңа бағдарламалық және географиялық конвергенцияны жақсарту үшін ведомствоаралық ынтымақтастықтың мүмкіндігін нығайтады.

6.3 БҰҰДБ жобалары мен бағдарламаларын басқару үшін, сондай-ақ қызметтің уақытылы, тиімді жүзеге асырылуын және қолданыстағы қаржылық мониторингіні жүргізу үшін БҰҰДБ «Atlas» бағдарламасын пайдаланады. БҰҰДБ бағдарламалардың қаржыландырылуы туралы және БҰҰДБ ережелері мен рәсімдеріне сәйкес қаражатты игеру туралы деректердің қол жетімдігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді.

6.4 Атқарушы әріптеске қатысты қолданылатын барлық ақша аударымдары Атқарушы әріптеспен және БҰҰДБ-мен келісілген Жылдық жұмыс жоспарына негізделеді.

6.5 ЖЖЖ-да егжей-егжейлі сипатталған іс-шараларға арналған ақша аударымдарын БҰҰДБ төмендегідей үлгіде жүзеге асыруға болады:

1. Атқарушы әріптеске тікелей ақша қаражатын аудару:

- а) жұмыс басталғанға дейін (қаражаттың тікелей аударылуы) немесе
- ә) жұмыс аяқталғаннан кейін (өтемақы);

2. Атқарушы әріптес тағайындаған лауазымды тұлға қол қойған сұрау салулар негізінде, Атқарушы әріптестер қабылдаған міндеттемелер үшін үшінші тұлғаларға немесе жабдықтаушыларға тікелей төлем жүргізу;

3. Атқарушы әріптестермен келісілген жұмыстарды жүзеге асыру үшін, БҰҰ агенттіктері қабылдаған міндеттемелер үшін жабдықтаушыларға немесе үшінші тұлғаларға тікелей төлем жүргізу.

6.6 Ақшалай қаражаттың тікелей аударымдары үш айдан аспайтын, бағдарламаны іске асыру кезеңінде сұралуы және бекітілуі мүмкін. Алдын ала рұқсат етілген шығындар үшін өтемақыға сұрау салу және авторизация тоқсан сайын немесе жұмыс аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. БҰҰДБ Атқарушы әріптестің авторландырылған сомадан асатын шығындарын өтеуге міндетті емес.

6.7 Іс-шаралар аяқталғаннан кейін қаражат қалдығы Атқарушы әріптес пен БҰҰДБ-ның өзара келісімі бойынша басқа мақсаттарға қайта бөлінуі немесе қайтарылуы мүмкін.

6.8 Ақша қаражаттарының аударым тәсілдері, төлемдер мөлшері, бақылауды қамтамасыз етудің ауқымы мен жиілігі Үкіметтік Атқарушы әріптес болған жағдайда, қаржылық басқарудың мемлекеттік жүйесі әлеуетінің шолу нәтижелеріне және БҰҰ жүйесіне жатпайтын Атқарушы әріптестің қаржылық басқаруы әлеуетін бағалау нәтижелеріне байланысты болуы мүмкін.

6.9 Ақша қаражаттарының аударым тәсілдері, төлемдер мөлшері, бақылауды қамтамасыз етудің ауқымы мен жиілігі бағдарлама мониторингін жүргізу, шығындардың, есеп берулердің және аудиттің мониторингісін жүргізу нәтижелері негізінде, бағдарламаны іске асыру барысында қайта қаралуы мүмкін.

6.10 Ресурстарды жұмылдыру бойынша шаралар МДМ қолдау және бағдарламаның

тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін күшейтіледі. Бағдарламаны қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін басқа ресурстар (басқа донорлардың қатысуы, әртүрлі қорлардан қаражат тарту немесе Үкімет тарапынан бірлесе қаржыландыру түрінде) жұмылдырылатын болады.

7. Мониторинг жүргізу және бағалау

7.1 ЕБІҚЖ қызметіне мониторинг жүргізу және бағалау ЮНДАФ нәтижелерінің матрицасына және мониторинг жүргізу мен бағалау жоспарына сәйкес жүргізіледі. Мониторинг жүргізудің және бағалаудың мақсаты - мақсатты көрсеткіштердің орындалу процесін белгілеуден және жобалар мен бағдарламалардың қажетті сапасына қол жеткізуден көрінеді. Бағдарлама ресурстарының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында, Үкімет пен БҰҰДБ жауапкершілік, ашықтық және әділдік принциптерін ұстана отырып, ЕБІҚЖ қызметіне мониторинг жүргізудің және бағалаудың қажетті тетіктері мен құралдарын енгізу үшін жауап береді. Атқарушы әріптестер жобаны іске асырудағы кедергілерді сипаттай отырып, жобалардың барысы, жетістіктері мен нәтижелері, сондай-ақ ЖЖЖ-да сипатталған ресурстарды пайдалану туралы мерзімдік есеп беріп отырады. Есеп беру рәсімдерге сәйкес жүргізіледі және БҰҰ агенттіктерімен үйлестірілетін болады.

7.2 Атқарушы әріптестер мен БҰҰДБ әрбір жылдың соңғы тоқсанында бағдарламаның барлық компоненттері бойынша жоспарлау мен есеп беру жөнінде жыл сайынғы кеңесті бірлесіп өткізеді. Кеңес кезінде жыл бойы ЕБІҚЖ-ны жүзеге асырудың нәтижелері қаралады, сондай-ақ ресурстар құрылымы қайта қаралып, келесі жылдарға ЖЖЖ дайындығы жүргізіледі. БҰҰ-ның басқа агенттіктері, көпжақты және екіжақты донорлардың, азаматтық қоғам ұйымдарының өкілдері қажеттіліктерге қарай аталған кеңестерге қатысуға шақырылуы мүмкін. Орта мерзімді шолуды Үкімет пен БҰҰДБ бірлесіп 2012 жылы өткізеді. Бағдарламаны іске асырудың жиынтық бағалауы 2015 жылы өткізіледі.

7.3 Атқарушы әріптестер қызмет мониторингін жүргізуде БҰҰДБ-мен ынтымақтастыққа келіседі және тиісті қаржылық есептерге қол жеткізуді қамтамасыз етуге және БҰҰДБ ұсынған ақшалай қаражатты басқару жөніндегі қызметкерлердің қызметін көрсетуін ұсынуға дайын. Осы мақсатта Атқарушы әріптестер:

1. БҰҰДБ-ның немесе оның өкілдерінің қаржылық есептерге мерзімдік ревизиялар мен іріктеп тексерулер жүргізуіне,
2. БҰҰДБ мониторинг жүргізу және бақылау жөнінде БҰҰДБ стандарттарын қолдана отырып, бағдарламалық қызметке мониторинг жүргізуге келіседі,
3. Арнайы немесе жоспарланған аудиттер өткізуге БҰҰДБ, БҰҰ-ның басқа да агенттіктерімен (қалауы бойынша) ынтымақтаса отырып және Атқарушы әріптестермен кеңескеннен кейін, БҰҰДБ-нан ірі көлемдегі ақша қаражатын алатын

Атқарушы әріптестерге және қаржылық басқару әлеуеті әлсіз әріптестерге аудит жүргізуге ерекше назар аудара отырып, аудиттің жыл сайынғы жоспарын дайындайды.

7.4 Жобалар мен бағдарламаларды іске асырудың сапасын қамтамасыз ету үшін, Атқарушы әріптестер мен БҰҰДБ мәліметтерді талдауға және алмасуға мүмкіндік беретін бағдарламалық мониторинг жүргізу мен қаржылық бақылаудың құралдарын қолдануға уағдаласуы мүмкін.

7.5 Аудитті БҰҰДБ-ның тапсырмасы бойынша жеке аудиторлық компаниялар жүргізеді. Үкіметтік емес Атқарушы әріптестерді бағалау және аудит жүргізу БҰҰДБ-ның саясаты мен рәсімдеріне сәйкес өткізіледі және ол бағдарламаның тиімділігін бағалауды, сондай-ақ кемшіліктер болған жағдайда, оларды түзету жөніндегі ұсыныстарды қамтиды.

8. БҰҰДБ міндеттемелері

8.1 БҰҰДБ ЕБІҚЖ/ЖЖЖ келісуді, мониторинг жүргізу мен бағалау талаптарына сәйкес есеп беруді қоса алғанда, ЮНДАФ пен МДМ нәтижелерінің матрицаларын қамтамасыз етеді. БҰҰДБ, Үкімет пен атқарушы әріптестердің жауапкершілігі жыл сайынғы шолуларда және жобалар мен бағдарламаларды іске асыру барысы туралы мерзімдік есеп берулерде айқын бөлініп көрсетіледі.

8.2 Іс-шараларға шығыстарды өтеуге арналған ақшалай қаражат аударылған жағдайда, БҰҰДБ Атқарушы әріптесті аударым сомасы туралы хабардар етеді және Атқарушы әріптестеке сұрау салу мақұлданғаннан кейін қаражатты 30 күн ішінде аударды.

8.3 Атқарушы әріптес тарапынан тағайындалған лауазымды тұлға қол қойған сұрау салулар негізінде Атқарушы әріптестер қабылдаған міндеттемелер үшін жабдықтаушыға немесе үшінші тұлғаға немесе Атқарушы әріптестермен келісілген жұмыстарды жүзеге асыруға арналған БҰҰДБ қабылдаған міндеттемелер үшін жабдықтаушыға немесе үшінші тұлғаға тікелей төлем төлеуді - БҰҰДБ төлем төлеуді мақұлдаған күннен кейін 30 күн ішінде жүзеге асырады.

8.4 БҰҰДБ Атқарушы әріптес пен тәуелсіз жабдықтаушы арасында жасалған келісім-шарт бойынша қандай да бір тікелей жауапкершілікті мойына алмайды.

8.5 Белгілі бір атқарушы әріптестеке БҰҰ-ның бірнеше агенттіктері ақшалай қаражаттарды берген жағдайда, бағдарламалық, қаржылық мониторингті жүргізуді және аудитті БҰҰ агенттіктері бірлесіп жүргізеді немесе олардың арасында өзара үйлестіріледі.

9. Үкімет міндеттемелері

9.1 Үкімет өзінің міндеттемелерін 1994 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы

арасындағы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) шарттарына сәйкес орындайды. Үкімет БҰҰДБ-ның меншігіне, қаражатына және активтеріне, сондай-ақ Конвенцияның V бабының 17-бөліміне сәйкес БҰҰ-ның лауазымды тұлғаларының тізбесіне жататын, лауазымды тұлғаларына қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының артықшылықтар мен иммунитеттер туралы 1946 жылғы конвенциясының (бұдан әрі - Конвенция) шарттарын қолданады. Бұдан басқа, Үкімет БҰҰДБ мен оның лауазымды тұлғаларына және БҰҰДБ атынан қызмет көрсететін өзге де тұлғаларға Келісімде көзделген артықшылықтарды, иммунитеттерді және жеңілдіктерді ұсынады.

9.2 Үкімет мемлекеттің бірлесе қаржыландыру мәселелері Келісімнің (5-бап) бір бөлігі болып табылатындығын мойындайды, ынтымақтастықтың осы үлгісін ЕБІҚЖ шеңберіндегі әріптестіктің ажырамас бір бөлігі ретінде қабылдайды және оның қолданылуы негізді болған жағдайларда осы үлгінің қолданылуына жәрдемдеседі. Үкімет тарапынан бірлесе қаржыландыру қарастырылған жобаларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

9.3 Үкімет тарапынан бірлесе қаржыландыру болған жағдайда, төмендегідей ережелер қолданылады:

а) Үкімет пен БҰҰДБ төлемдер кестесі туралы уағдаласады және банктік реквизиттермен алмасады;

б) АҚШ долларынан өзге валютада жүзеге асырылатын төлем сомасы, төлеу күніне қолданылатын, БҰҰ валюталарының шұғыл бағамының көмегімен анықталады. Қаржының толық қолданылуына дейінгі мерзімде Біріккен Ұлттар Ұйымы валюталарының шұғыл бағамында өзгерістер болған жағдайда, қалған төлем сомасы тиісінше түзетіледі. Бағамдардағы айырмашылықтар есебінен шығындарға ұшыраған жағдайда, БҰҰДБ қосымша қаржыландыру мүмкіндіктерін анықтау мақсатымен Үкіметті ақпараттандырады. Қосымша қаржыландыру мүмкін болмаған жағдайда, БҰҰДБ-ның ЕБІҚЖ шеңберінде көрсетілетін көмегі қысқартылуы, тоқтатыла тұруы немесе жабылуы мүмкін;

в) жоғарыда аталған төлемдер кестесі жоспарланған жұмыстардың басталуына дейін қаржыны бөлу туралы талапты ескереді. Кестеге өзгертулер ЕБІҚЖ-ны іске асыру барысына байланысты енгізілуі мүмкін;

г) БҰҰДБ-ның төлемдерді алуы және жүзеге асыруы БҰҰДБ нұсқауларына, ережелеріне және директиваларына сәйкес жүзеге асырылады;

д) барлық қаржы шоттары мен есептер АҚШ долларында көрсетілген;

е) шығындардың немесе міндеттемелердің күтілмеген өсуі болған жағдайда (инфляция факторларының салдары, валюта бағамдарының толқуы немесе күтпеген жағдайлар), БҰҰДБ дер кезінде Үкіметке қажетті қосымша қаржыландыру көрсетілген қосымша сметаны ұсынады. Үкімет талап етілетін қосымша қаражатты іздестіру үшін барлық күш-жігерін жұмсайды;

- ж) төлемдер кестесіне сәйкес Үкімет немесе басқа да қаржы көздері тарапынан қаржы түсімдері болмаған жағдайда немесе
- е) тармағына сәйкес талап етілетін қосымша қаржыландыру болмаған жағдайда, БҰҰДБ-ның осы Келісімге сәйкес ЕБІҚЖ шеңберінде көрсетілетін көмегі қысқартылуы тоқтатыла тұруы немесе жабылуы мүмкін;
- з) жарналарға есептелетін кез-келген пайыздық табыс БҰҰДБ-ның шотына есептеледі және БҰҰДБ белгілеген рәсімдерге сәйкес пайдаланылады;
- и) БҰҰДБ Атқарушы органының басқа ресурстар есебінен шығыстарды өтеу саясатында көрсетілген шешімдері мен директиваларына сәйкес, кез-келген салым түріне БҰҰДБ елдік кеңсесі құрылымдары мен штаб-пәтерінің басқару бойынша жалпы қызметтер (бұдан әрі - БЖҚ) көрсету кезінде шығындаған жанама шығындарын өтеудің ережелері пайдаланылады. БЖҚ шығындарын өтеу үшін жарнадан 3 % мөлшерінде комиссия ұсталады. Бұған қоса, орындаушы мекеме немесе орындаушы әріптестің шығындарын қоса алғанда, жобаның жүзеге асырылуына қатысты барлық тікелей шығындар жобаның бюджетіндегі тиісті бюджеттік бапта көрсетіледі және жо ба да ти і с і н ше тү р де қ а р а л а д ы ;
- к) қолдау көрсету бойынша тиісті қызметтердің өтемақысына арналған шығындарды қоса алғанда, ЕБІҚЖ бюджетіне қаланған жалпы сома, осы келісім шеңберінде ЕБІҚЖ үшін көзделген ресурстардың жалпы сомасынан аспауы тиіс;
- л) салым есебінен қаржыландырылатын жабдықтарға, жеткізілімдерге және басқа да мүліктерге арналған меншіктік құқық БҰҰДБ-ға тиесілі. БҰҰДБ меншігін беруге қатысты мәселелер Атқарушы әріптеспен консультация жүргізіліп, БҰҰДБ-ның тиісті саясатымен және рәсімдерімен анықталады;
- м) жарналар БҰҰДБ-ның қаржылық нұсқауларында, ережелерінде және директиваларында көзделген, ішкі және сыртқы аудиттің рәсімдерімен ғана реттеледі.

9.4 Мүдделі тараптардың қатысуымен елдік бағдарламаны жоспарлауда пайдаланылатын тетіктерге, мониторинг жүргізуге және іске асыруды бағалауда азаматтық қоғам және даму жөніндегі басқа да әріптестер тартылады. Сондай-ақ, Үкімет бағдарламаны мезгілдік шолуларды, жоспарлау мен бірлескен стратегиялар мәселелері жөніндегі кеңестерді ұйымдастыру және қажет болған жағдайда, донорлардың, азаматтық қоғамның, жеке сектордың және БҰҰ агенттіктерінің қатысуын ынталандыру мақсатында салалық және тақырыптық даму бойынша әріптес топтарды үйлестіру жөніндегі міндеттемелерін өзіне алады. Бұдан басқа, Үкімет мониторинг жүргізу, бенефициарлармен кездесулер ұйымдастыру, бағдарламалық ресурстарды іске асыру барысын бағалау және оларды пайдаланудың ықпалын бағалау мақсатында БҰҰДБ қызметкерлерінің және/немесе тағайындалған лауазымды тұлғалардың сапарларын кезеңімен ұйымдастыруға жәрдем көрсететін болады. Үкімет ынтымақтастықты іске асыруға әсер етуі мүмкін, ЕБІҚЖ-ны жүзеге асыру барысында орын алатын саясат пен заңнамадағы өзгерістер туралы кез-келген ақпаратты

уақытында БҰҰДБ-ға беріп отырады.

9.5 Ақша аударымына сұраныстарды жүзеге асыру немесе шығындардың орнын толтыруды айғақтау немесе жоспарланған шығындарды тікелей төлеу үшін Атқарушы әріптестер Жылдық жұмыс жоспары (бұдан әрі - ЖЖЖ) қызметінің анықталған желілері бойынша Авторизация мен шығындардың стандартты формасын (бұдан әрі - FASE) пайдаланады. Атқарушы әріптестер алынған ақшалай қаражаттардың жұмсалуды туралы есептер беру үшін FASE-ні пайдаланатын болады. Атқарушы әріптес банктік реквизиттер беруге, ақшалай қаражатты сұратуға және оның пайдаланылғанын куәландыруға құқылы лауазымды тұлғаны (лауазымды тұлғаларды) тағайындайды. FASE Атқарушы әріптес тағайындаған лауазымды тұлғаны (лауазымды тұлғаларды) к у ә л а н д ы р а д ы .

9.6 Атқарушы әріптеске берілген ақшалай қаражат ЖЖЖ-мен келісілген қызметке ғ а н а ж ұ м с а л у ы м ү м к і н .

9.7 Мемлекеттік немесе үкіметтік емес ұйым атынан Атқарушы әріптес алған ақшалай қаражат халықаралық стандарттарға жауап беретін, белгіленген ҚР ережелеріне, саясатына және рәсімдеріне сәйкес жұмсалады. ЖЖЖ-ға сәйкес алынған ақшалай қаражаттың толық жұмсалуды туралы есеп қаражат алынған күннен бастап алты ай ішінде БҰҰДБ-ға берілуі тиіс. Қандай да бір ұлттық ережелердің, саясат пен рәсімдердің халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуі жағдайында, БҰҰ ережелері, саясаты мен рәсімдері қолданылады.

9.8 Атқарушы әріптес ретінде халықаралық ҮЕҰ және ХҰҰ шыққан жағдайда, алынған ақшалай қаражат халықаралық стандарттарға сәйкес жұмсалады, атап айтқанда, ЖЖЖ-ға сәйкес ақшалай қаражаттың жұмсалуды және алынған ақшалай қаражаттың толық пайдаланылғаны туралы есепті қаражат түскен күннен бастап алты ай ішінде БҰҰДБ-ға табысталуын қамтамасыз етеді.

9.9 Жоспарланған және арнайы аудит жүргізуге жәрдемдесу мақсатында, БҰҰДБ-дан ақшалай қаражат алушы әрбір Атқарушы әріптес БҰҰДБ-ға немесе оның ө к і л і н е :

БҰҰДБ-ның барлық ақшалай қаржы аударымдарын тіркейтін қаржылық құжаттарды дер кезінде ұсынады;

Атқарушы әріптес қаражатының ішкі бақылауына жауап беретін қызметкер қызметі мен басқа да қажетті құжаттаманы ұсынады.

9.10 Аудит нәтижелері Атқарушы әріптес пен БҰҰДБ-ға тапсырылады. Бұдан басқа , ә р б і р А т қ а р у ш ы ә р і п т е с :
аудит туралы есепті алады және қарайды;
ақшалай қаражатпен қамтамасыз етуші БҰҰДБ-ға аудиттің ұсыныстарына қатысты келісімін немесе қарсылығын уақтылы хабарлайды;
аудиттің қабылдаған ұсыныстарына қатысты уақытылы шаралар қолданады;

БҰҰ агенттіктеріне қабылданған ұсыныстардың орындалуы туралы тоқсан сайынғы негізде (келісім бойынша) есеп береді.

10. Өзге де ережелер

10.1 Осы ЕБІҚЖ 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге жасалады. Осы ЕБІҚЖ Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғандығы туралы Үкіметтің жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы БҰҰДБ алған күннен бастап күшіне енеді.

10.2 Осы ЕБІҚЖ бұрын Үкімет пен БҰҰДБ арасында қол қойылған, кез-келген ЕБІҚЖ-ны алмастырады және екі тараптың өзара келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

2010 жылғы «__» _____ Астана қаласында екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, бұл ретте барлық мәтіннің бірдей күші бар. Осы Жоспарды түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі _____ мәтінге _____ жүгінетін _____ болады.

Осыны растау үшін, тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы ЕБІҚЖ-ға қол қойды.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Біріккен Ұлттар Ұйымының
Даму Бағдарламасы үшін*

1-қосымша: ЕБІҚЖ нәтижелері мен ресурстарының кестесі

ЮНДАФ бойынша күтілетін №1-нәтиже: 2015 жылы Қазақстан халқының, атап айтқанда халықтың осал топтарының әлеум жағдайы мен денсаулығы жақсартылатын болады

	Түпкілікті нәтижелер	Күтілетін нәтижелер	Мақсатты көрсеткіштермен нәтижелердің индикаторлары	Жауапты әріптестер	Бағдарлама құрамдауы индикативті, мың АҚШ	
					2010	2011
					110	110
					<i>Тұрақты ресурстар</i>	
					150	300
					<i>Басқа ресурстар</i>	

<p>БҰҰДБ бағдарламасының бөлігі: Инклюзивті даму</p>	<p>жүйесіне қол жеткізуін жақсарту.</p>	<p>ерекше көңіл бөлінеді</p>	<p>2011 жылғы іс-қимыл стратегиясы мен жоспары дайындалған, талқыланған және саясатты белгілейтін тұлғаларға және азаматтық қоғамға таныстырылған</p>	<p>ҚР Еңбек және халық ты әлеуметтік қорғау министрлігі</p>							
	<p>Индикатор («Қазақстан 2020»): Кәсіпорындардың тіркелу, қызмет жүргізу кезіндегі транзакциялық шығындарды азайту және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы Базалық көрсеткіш: ДБ 2009 жылғы « Doing Business» есебінің деректері. Мақсатты көрсеткіш: 2015 жылы транзакциялық шығындарды 70% төмендету Индикатор : Халықтың 15 жастан бастап 24 жасқа дейінгінклюзивті білім беру және өмірлікдағдыларды</p>		<p>Индикатор: Мақсатты өңірлерде, оның ішінде мақсатты топтар үшін құрылған жұмыс орындарының саны Базалық көрсеткіш: анықтауды қажет етеді Мақсатты көрсеткіш: 2010 жылы анықтауды қажет етеді Индикатор: Оралмандарға арналған «пилоттық» қызметтерді жаңғырту Базалық көрсеткіш: Оралмандарды бейімдеу және әлеуметтік Қарағанды, Шымкент және Ақтау қалаларындағы кіріктіру</p>		<p><i>Тұрақты ре</i></p> <table border="1"> <tr> <td>120</td> <td>250</td> <td>:</td> </tr> </table> <p><i>Басқа ресур</i></p> <table border="1"> <tr> <td>900</td> <td>800</td> <td>:</td> </tr> </table>	120	250	:	900	800	:
120	250	:									
900	800	:									

үйрету бағдарламаларымен қамтылған жұмыссыздар үлесі
Базалық көрсеткіш: 7,3% (БҒМ-нің білім беру жүйесінің даму деңгейі туралы ұлттық есебі, 2008 ж.)
; Мақсатты көрсеткіш : 50%

Экономикалық тұрғыдан осал тұрғындар үшін жұмыс орындарын құру және тұрақты өнімді жұмыспен қамту жағдайын жақсарту

орталықтары
Мақсатты көрсеткіш: 2015 жылдың соңында, ШҚО орталығы тәрізді орталықтар, кемінде, 4 өзге аймақта ашылатын болады.

Облыстық және қалалық әкімдіктер

ЮНДАФ бойынша күтілетін №2 нәтиже: 2015 жылы экологиялық тұрақтылыққа қол жеткізу, табиғи және адам қыз туындаған апаттардың алдын алуды, қарсы әрекет етуді қамтамасыз ету және салдарларын жою мақсатында халық пен орта мемлекеттік органдар арасында анағұрлым тиімді жетістіктердің және ынтымақтастықтың болуы.

		Тұрақты ре	
		62.5	59.5
	<p>Үкімет, халық азаматтық қоғам және ғылыми топтар ұлттық және трансшекаралық тұрғыдан табиғи ресурстарды басқаруда интеграциялық тәсіл қолданады</p> <p>Индикатор: Биологиялық әралуандылықты сақтау, сенім қорын капитализациялау мақсатында қаржыландыру көлемін арттыру</p> <p>Базалық көрсеткіш: Республикалық бюджеттен қаржы бөлінбейді</p> <p>Мақсатты көрсеткіш: Биоәралуандылықты сақтау қорын 4,5 млн. долл. көлемінде әртүрлі қаржы көздерінен қаржыландыру.</p> <p>Индикатор: Экологиялық жүйелерді басқару принципі негізінде су бассейндерін басқару бойынша қабылданған құқықтық және институционалдық тетіктер саны.</p> <p>Базалық көрсеткіш: н ө л</p>	<p>Индикатор: Ғаламдық маңызы бар түрлердің таралуының жәй-күйі</p> <p>Базалық көрсеткіш: Әртүрлі индикаторлық түрлер үшін әркілы</p> <p>Мақсатты көрсеткіш: Индикаторлық түрлердің таралуын а р т т ы р у</p> <p>Индикатор: Қорғалатын сулы-батпақты алқаптардың аймағы</p> <p>Базалық көрсеткіш: 279 544 га ;</p> <p>Мақсатты көрсеткіш: 494 970 га</p> <p>Индикатор: Таулы агробиоәралуандылықты сақтау мақсатында 2 ЕҚТА кеңейту</p> <p>Базалық көрсеткіш: 0 га және 236 000 га</p> <p>Мақсатты көрсеткіш: 356 000 га және 271 000 г а</p> <p>Индикатор: Екі ЕҚТА екпе ағаштар алқаптарының қазіргі жалпы аумағы</p> <p>Базалық көрсеткіш: 309 900 га екпе ағаштар</p> <p>Мақсатты көрсеткіш: екпе ағаштардың жалпы аумағының қысқаруын болдырмау</p> <p>Индикатор: Жобаны басқару үлгісі қайта жаңғыртылған сулы-батпақты ЕҚТА саны</p> <p>Базалық көрсеткіш: 0 ;</p> <p>Мақсатты көрсеткіш: 5</p> <p>Индикатор: Далалық экожүйелерді Қазақстанның ЕҚТА жүйесімен қамтуы</p> <p>Базалық көрсеткіш: 2 069 960 га ;</p> <p>Мақсатты көрсеткіш: 3 429 960 га</p>	

Мақсатты көрсеткіш:
Траншекаралық
бассейндер
деңгейінде, кемінде,
екі келісімді және
институтты Үкімет
бекітті және көршілес
елдермен талқылады.

Биоэралуан дылықты
сақтау және тұрақты
пайдаланудың
интеграция лық тәсілі
әзірленген және
басымдық берілген
аумақтарда сынақтан
өткен

Индикатор:
Бетпақдалалық
акбөкендердің таралу
саны, бұл ретте мекен
ету ортасының басым
үлесі далалық аймақта
орналасқан
Базалық көрсеткіш (2007
ж.): Акбөкендердің
таралу саны: 22 760 бас
Мақсатты көрсеткіш:
Акбөкендердің
таралуының орташа
жылдық өсімі 10% кем
емес.Индикатор:
Пилоттық елді
мекендермен шектесіп
жатқан аумақтардың
топырақ эрозиясы
Базалық көрсеткіш:
нақтылауды қажет етеді
(2010 ж.);Мақсатты
көрсеткіш:Айтарлықтай
топырақэрозиясына
ұшырағанаумақтарды
20% қысқарту
Индикатор: Басы қашық
жайылымдардың
жай-күйінетеріс ықпал
ететін өсімдіктүрлерінің
б о л у ы
Базалық көрсеткіш:
нақтылауды қажет етеді
Мақсатты көрсеткіш:
Жағымсыз өсімдіктер
таңдалынып алынған 5
жайылымдық
телімдерде жоқ немесе
олардың саны аз (5
пайыздан төмен)

Қ Р
Ауылшаруашылығы
министрлігі (Орман
және аңшылық
шаруашылығы
комитеті)

Басқа ресур

		Каспий теңізі: азайған балық ресурстарын қалпына келтіру және тұрақты экологиялық басқарудың негізін бекіту	<p>Индикатор: Тегеран конвенциясының стратегиялық жоспары мен іс-қимыл ұлттық стратегиялық жоспарларын бекіту және қолдану</p> <p>Индикатор: Тиісті бағалау жүргізіліп, карталар дайындалған, балықтардың маңызды мекен ету орталарының с а н ы</p> <p>Базалық көрсеткіш: Балықтардың маңызды мекен ету орталарының жоқтығы;</p> <p>Мақсатты көрсеткіш: кемінде 3</p>	ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі	<p><i>Басқа ресуғ</i></p> <table border="1"> <tr> <td>1771</td> <td>1292</td> </tr> </table>	1771	1292		
1771	1292								
			Индикатор: Траншекаралық үйлестірудің тетіктері немесе институты		<p><i>Тұрақты ре</i></p> <table border="1"> <tr> <td>25</td> <td></td> </tr> </table> <p><i>Басқа ресуғ</i></p> <table border="1"> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table>	25			
25									

		Орталық және жергілікті деңгейдегі субъектілер СРИБ-ті жүзеге асыру және трансшекаралық диалогқа жәрдемдесу үшін құралдар мен әдістемелерді сатып алады	Базалық көрсеткіш: Тұрақты түрде жұмыс атқаратын хатшылықтың немесе негіздемелік келісімнің б о л м а у ы Максатты көрсеткіш: Саяси және техникалық деңгейде екі жақты тұрақты кездесулер өткізетін, қызметті үйлестіруші орган	ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті	125	
		Азаматтық қоғамды көру жергілікті деңгейде экологиялық тұрақтылыққа ықпал етеді	Индикатор: ҮЕҰ/АҚҰ бастамасымен ашылған жобалардың саны Максатты көрсеткіш: ҒЭҚ Кіші гранттар бағдарламасының қаражаты есебінен 100-ден аса жобалар қаржыландырылады (2010-2014 жж.)		<i>Басқа ресур</i>	
	Үкімет, кәсіпорындар мен азаматтық қоғам энерготиімділікті арттыру және климаттың өзгеруіне бейімделу саясаты арқылы климаттық өзгерістерге бейімделу және митигациялау бойынша шаралар қабылдайды. Индикатор: Климаттың өзгеруі т у р а л ы ақпараттандырылу деңгейі Базалық көрсеткіш: 2009 ж. анықтауды қажет етеді Максатты көрсеткіш: 30% жоғарылату	Климаттың өзгеруі бойынша кешенді бағдарламалар (осал экожүйелер, экономика саласындағы қатерлер мен қажетті бейімделуге назар аудара отырып) дамудың мемлекеттік жоспарларына интеграциялану мақсатында дайындалған	Индикатор: Төмен көміртектің дамытудың ұлттық саясаты мен принциптерін Ұлттық даму стратегиясына интеграциялау Базалық көрсеткіш: Ұлттық даму стратегияларында климаттың өзгеруі ықпалына қатысты сілтемелер жоқ Максатты көрсеткіш: Климаттық өзгерістерге бейімделудің ұлттық саясатын және пост-Киото процесі шеңберіндегі міндеттемелерге сәйкес төмен көміртекті саясатын әзірлеу	ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі	200	185
		Үкімет және энерготұтынушылар	Индикатор: Қалпына келтірілетін энергия түрлері үшін қолайлы саясат пен институционалдық негіздің бар болуы Индикатор: Ж е л электрстанцияларының		<i>Тұрақты ре</i> 110 350 <i>Басқа ресур</i>	
					<i>Басқа ресур</i>	

		<p>қалпына келтірілетін энергия көздерінің рыногын реттеу жөніндегі білімдерді, бағдарламаларды және пилоттық жобаларды игерген</p>	<p>құрылысын салу есебінен, ІІІ түзілімдері көлемінің азаюы Базалық көрсеткіш: 0; Мақсатты көрсеткіш: Жобаның аяғында, жер энергетикасы бойынша жүзеге асырылатын жобалардың нәтижесінде, алдағы 20 жыл ішінде CO₂ газының мөлшері 1 млн. тоннадан астам қысқартылады</p>	<p>ҚРМұнай және газ министрлігі</p>	<p>138</p>	
			<p>Индикатор: Энерготиімділікті қолдаудың нормативтік-құқықтық базасы Индикатор: Пилотты қалалардағы энерготиімділікке салынатын инвестиция көлемі Базалық көрсеткіш: 0; Мақсатты көрсеткіш: Энерготиімділікті арттыру бастамаларын қаржыландыру мақсатында, кем дегенде 10 млн. долл. көлемінде қаржы жинақтау Индикатор: Жылу энергиясының орташа мөлшері мен жаңа жетілдірілген тұрғын үй ғимараттарындағы электр энергиясының тұтыну мөлшері Базалық көрсеткіш: Жылу энергиясын орташа тұтыну: X (нақтылауды қажет етеді) ; электр энергиясының орташа тұтыну мөлшері: X (нақтылауды қажет етеді) Мақсатты көрсеткіш: Жылу энергиясының қажеттілігі орташа шамамен X кВтс/м² дейін төмендеді Индикатор: Электр энергиясын тұтыну орта</p>		<p><i>Тұрақты ре</i></p> <p>10 10</p> <p><i>Басқа ресуғ</i></p>	<p>1593 1400</p>

		<p>Үкімет және энерготұтынушылар қос тотықты көміртектің жоғары деңгейлі эмиссиясы бар салалардағы энерготімділік туралы білімдерді, бағдарламаларды және пилоттық жобаларды игерген</p>	<p>шамамен кВтс/м² дейін азайды Базалық көрсеткіш: пайдалану мерзімі бойынша жаңа ғимараттардың CO₂ эмиссиясы X млн. т CO₂e Мақсатты көрсеткіш: X млн. тоннаға CO₂e, немесе X т CO₂e базалық көрсеткіштен кем</p>	<p>Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы істері жөніндегі агенттік</p>						
			<p>Индикатор: Алматы қаласының жерүсті қоғамдық көліктерінің ПГ эмиссиясы Базалық көрсеткіш: 9 млн. т CO₂; Мақсатты көрсеткіш: CO эквивалентін 10 жылдың ішінде тікелей немесе жанама жолдармен 7 млн. т-ға азайту. Индикатор: қоғамдық көлік қызметінің тиімділігі Базалық көрсеткіш: 21% жолаушылар қоғамдық көлікті пайдаланады</p>		<p>Тұрақты ре</p> <table border="1" data-bbox="1390 1470 1534 1732"> <tr> <td>8</td> <td>8</td> <td>:</td> </tr> </table> <p>Басқа ресур</p> <table border="1" data-bbox="1390 1785 1534 1997"> <tr> <td>400</td> <td>1100</td> </tr> </table>	8	8	:	400	1100
8	8	:								
400	1100									

		Алматы қ. қоғамдық көлік нормалары мен қызметін жақсарту	Мақсатты көрсеткіш: Жолаушылардың үлесі шамамен 40% дейін жоғарылаған	Алматы қаласының әкімшілігі		
Мемлекеттік органдар мен халық табиғи және антропогендік апаттарға қарсы тұруға жақсы әзірленген Индикатор : азаматтық қоғам мен тұрғындарды жергілікті және ұлттық деңгейдегі табиғи апаттарға қарсы әрекет ету және дайындықты қамтамасыз ету жөніндегі жоспарларды дайындау, сынақтан өткізу және жүзеге асыруға тарту. Базалық көрсеткіш: тарту тетігі жоқ	Тұрғындар деңгейінде апаттарға қарсы тұру және оған дайындық жөнінде Үкіметтің әлеуетін нығайту, сондай-ақ, апаттарды басқару бойынша халықаралық және аймақтық ынтымақтастықты басқару және қатысудағы әлеуетін нығайту	Индикатор: Тұрғындардың дайындығын қамтамасыз ету тәжірибесін ескере отырып, табиғи апаттарға дайындықты қамтамасыз етудің ұлттық жоспарына алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибені енгізу	ҚРТөтенше жағдайлар министрлігі	<i>Тұрақты ресурстар</i>		
				50	100	
Базалық көрсеткіш: Қатерлерді бағалауға, жоспарлауға және дайындықты қамтамасыз етуге жұртшылықты қатыстыруды қамтамасыз ету үшін тетіктер құрылған және жұмыс істейді	Қоршаған ортаны қорғау министрлігін өнеркәсіптік кәсіпорындар мен жергілікті билік органдарын басқару, қауіпсіздік шаралары мен қауіпті қалдықтарды көму, сондай-ақ озон қабатын бүлдіруші заттарды азайту бойынша техникалық әлеуетін арттыру	Индикатор: Ұлттық нормативтік-құқықтық базада ПХБ-ны басқару жөнінде нақты ережелер бар Индикатор: ПХБ қалдықтарын пайдалану жүйесін қолдану Базалық көрсеткіш: ПХБ қалдықтарын пайдалану қарастырылмаған ПХБ иеленушілерге ПХБ басқару бойынша оңтайлы шешімдер қарастыруда көмек көрсетудің Ұйымдастырылған жүйесі жоқ.	ҚРТөтенше жағдайлар министрлігі	<i>Тұрақты ресурстар</i>		
				50	50	
				100	100	
				445	1000	

			трансформаторлардың ірі бір алаңын басқаруды жоспарлаудан бастап, қалдықтарды пайдалану сатысына дейін көрсетілді, мұның өзі 1400 т құрамында ПХБ бар қалдықтарды қайта өңдеуге әкеледі.	ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі		
--	--	--	--	---------------------------------------	--	--

ЮНДАФ бойынша күтілетін №3 нәтиже: 2015 ж. барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның хал топтардың құқықтары мен қажеттіліктерін қамтамасыз ету саласында әлеуетін арттыру және есеп беру жолдарын жақсарту.

	Адам құқығын қорғау және баршаға арналған сот әділдігіне қол жеткізу саласындағы мемлекеттік институттардың әлеуетін арттыру. Индикатор: Қолданыстағы заңнама мен оның іс жүзінде орындалуы арасындағы «алшақтық» (Ғаламдық әділдік индексі) Базалық көрсеткіш (2007 ж.): 44 тармақ Мақсатты көрсеткіш: Қолданыстағы заңнама мен оның іс жүзінде орындалуы арасындағы «алшақтықты» екі есеге азайту	Адам құқықтары комиссиясы және Адам құқықтарын қорғау және оған мониторинг жүргізу жөніндегі Іс-қимыл жоспарын жүзеге асыру бойынша Омбудсмен кеңсесін қолдау	Индикатор: Адам құқықтары бойынша ұлттық жоспарға мониторинг жүргізудің жиілігі және оған қатысу Базалық көрсеткіш: (2008) Жоспарды бекіту Мақсатты көрсеткіш: Жоспардың мониторингісі жылына бір реттен кем емес жүргізіледі (ашық кездесулер арқылы) және азаматтық қоғамның ұсыныстарын ескереді	ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия	<i>Тұрақты ре</i>	
						50
					<i>Басқа ресу</i>	
					100	

		Бенефициарларды барынша қамту және Гендерлік теңдік стратегиясының жүзеге асырылуы жоспарын анағұрлым толық жүзеге асыру	Индикатор: Гендерлік теңдік стратегиясын жүзеге асыруға бюджеттік қаражатты ұлғайту Базалық көрсеткіш (2008): анықтауды қажет етеді Мақсатты көрсеткіш: бюджеттің кемінде, 30% артуы	ҚРПрезиденті жанындағы Отбасы істері және гендерлік демократиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия	<p><i>Тұрақты ре</i></p> <table border="1"> <tr> <td>70</td> <td>90</td> </tr> </table> <p><i>Басқа ресур</i></p> <table border="1"> <tr> <td>150</td> <td>200</td> </tr> </table>	70	90	150	200
70	90								
150	200								
		Баршаға арналған сот әділдігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін сот төрелігі жүйесінің мүмкіндіктерін арттыру	Индикатор: Сот отырыстары материалдарының болуы Базалық көрсеткіш (2008): Сот отырыстары материалдары магнитті таспаға жазылған немесе басылып шығарылған Мақсатты көрсеткіш: Сот отырыстарының мәліметтері жаңа технологияларды қолдану арқылы дайындалады және сандық кітапханалар/ электронды рұқсат арқылы баршаға қол жетімді	Жоғарғы сот	<p><i>Тұрақты ре</i></p> <table border="1"> <tr> <td>54</td> <td>96</td> </tr> </table> <p><i>Басқа ресур</i></p> <table border="1"> <tr> <td>150</td> <td>100</td> </tr> </table>	54	96	150	100
54	96								
150	100								
	Парламент, жергілікті өкілетті органдар және азаматтық қоғам саясатты қалыптастыру, сайлау және заң шығару процестері кезіндегі диалог пен ынтымақтастық үшін тиімді тетіктерді пайдаланады. Индикатор: Ұлттық сайлау заңнамасының Е Қ Ы Ұ стандарттарына сәйкес келуі Базалық көрсеткіш: ЕҚЫҰ соңғы есебіне сәйкес 19 бал бойынша сәйкессіздік сақталуда Мақсатты көрсеткіш: Барлық ұлттық	Диалог және ынтымақтастық Диалог және ынтымақтастық Парламенттің, жергілікті өкілетті органдардың және азаматтық қоғам ұйымдарының мүмкіндіктерін арттыру	Индикатор: Барлық саяси партиялар мен азаматтық қоғамның басқа да негізгі ұйымдарының диалогтарға қатысуы Базалық көрсеткіш: 2008 ж. бір саяси клуб құрылды және жұмыс істейді, 2008 ж. 10 партия тіркелген	Парламент, Орталық сайлау	<p><i>Тұрақты ре</i></p> <table border="1"> <tr> <td></td> <td>100</td> </tr> </table> <p><i>Басқа ресур</i></p> <table border="1"> <tr> <td></td> <td>200</td> </tr> </table>		100		200
	100								
	200								
		Азаматтық қоғамды жергілікті халықты	Индикатор: Әлеуетті арттыру жөніндегі бастамаларға қатысатын азаматтық қоғам ұйымдарының саны		<p><i>Тұрақты ре</i></p> <table border="1"> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p><i>Басқа ресур</i></p> <table border="1"> <tr> <td>50</td> <td>100</td> </tr> </table>			50	100
50	100								

	заңнама ЕҚЫҰ стандарттарына сәйкес келеді	жұмылдыруға а белсенді түрде қатысуға тарту	Базалық көрсеткіш: 0 Мақсатты көрсеткіш: 300 ұйым	ҚРМәдениет министрлігі		
	Орталық және жергілікті билік органдарының тиімділігін, ашықтығын және есеп беруін арттыру Индикатор: Үкіметтің Шекараларды басқарудың жаңғыртылған стратегиялары	Аймақтық ынтымақтастықты қоса алғанда, орталық деңгейдегі мемлекеттік органдардың әлеуетін арттыру	Индикатор: Нәтижеге бағдарланған басқару және әлеуетті арттыру құралдары қолданылған бірлескен, жүзеге асырылатын бастамалардың саны Базалық көрсеткіш: 0; Мақсатты көрсеткіш: 3	Мемлекеттік қызмет академиясы	Тұрақты ре	
		Бақылау және қадағалау қызметтерін жақсарту мақсатында шекаралық және кедендік органдардың әлеуетін арттыру	Индикатор: Шекараларды басқару жөніндегі дайындалған іс-шаралардың стратегиялары мен жоспарлары Индикатор: Шекарада жұмыс жүргізудің реформаланған тәжірибесі	ҚР Ішкі істер министрлігі	Тұрақты ре	
					100	Басқа ресур
					300	
					1000	800

2-қосымша: Қазақстан Республикасындағы ЕБҚЖ арналған бағалау жоспары, 2010-2015 жж. Елдік бағдарламасы

Бағалау	Әріптестер	БҰҰДБ жұмысының бағыты	Бағалауды жүргізу күні	Басты мүдделі тараптар	Бағалауды қаржыландыру көздері	Бағалау міндетті ме? (ия/жоқ)	Бағалау мәртебесі (көзделген, басталды, жүргізілді)	Есептер Бағалау орталығына жіберілді ме? (ия/жоқ)
ЮНДАФ бағалары								
ЮНДАФ-тың түпкілікті бағалауы	ЮНИСЕФ, ЮНФПА, ПРООН, СИМ		2015		БҰҰ агенттіктерінің үлестік қаржыландыруы	ия	көзделген	жоқ
Елдік бағдарламаның соңғы нәтижелерін бағалау								

Әлеуметтік қызмет көрсетуді бағалау	ЮНИСЕФ, ЮНФПА	Кедейшілікті азайту және МДМ қол жеткізу	2011	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	БҰҰ агенттіктері мен жобаларын қаржы көздерінен үлесті қаржыландыру	ия	көзделген	жоқ
Табиғи ресурстарды сақтауды бағалау		Қоршаған орта және тұрақты даму	2012	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі	Жобаларды қаржы көздерінен қаржыландыру	ия	көзделген	жоқ
Климаттың өзгеруін бағалау		Қоршаған орта және тұрақты даму	2013	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Мұнай және газ министрлігі	Жобаларды қаржы көздерінен қаржыландыру	ия	көзделген	жоқ
Азаматтық қоғамды дамытуды бағалау	ДООН	Тиімді басқару	2014	Мәдениет министрлігі	БҰҰЕБ тарапынан және оның жобаларына қатысты қаржы көздерінен қаржыландыру	ия	көзделген	жоқ

3-қосымша: Қысқартулар тізімі

ЖПБИТС	жүре пайда болған иммундық тапшылығы синдромы
ЖЖЖ	жылдық жұмыс жоспары
АҚҰ	азаматтық қоғам ұйымдары
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ЕБІҚЖ	Елдік бағдарламаның іс-қимыл жоспары
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім
ПГ	парникті газдар
НАСТ	ақша аударымдарына үйлесімді қатынас
АИТВ	адамның иммундық тапшылығы вирусы
ХЕҰ	Халықаралық еңбек ұйымы
МжБ	мониторинг және бағалау
МДМ	Мыңжылдық даму мақсаттары
ҮЕҰ	үкіметтік емес ұйымдар
НҚК	нәтижелер мен ресурстар кестесі
ЖЖБИ	жыныстық жолмен берілетін инфекциялар
ТБ	туберкулез (өкпе ауруы)
ЮНЭЙДС	БҰҰ-ның АИТВ мен ЖПБИТС жөніндегі бірлескен

		б а ғ д а р л а м а с ы
ЮНДАФ	БҰҰ-ның даму мақсатында көмек көрсету шеңберіндегі	б а ғ д а р л а м а с ы
	БҰҰДТ	БҰҰ-ның даму жөніндегі тобы
	БҰҰДБ	БҰҰ-ның даму бағдарламасы
	БҰҰ ЕЭК	БҰҰ-ның Еуропалық экономикалық комиссиясы
ЮНЕСКАП	БҰҰ-ның Азия мен Тынық мұхиты аймағына арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясы	
ЮНЕСКО	БҰҰ-ның Білім, ғылым және мәдениет комитеті	
	ЮНФПА	БҰҰ-ның Тұрғын халық қоры
	ЮНИСЕФ	БҰҰ-ның Балалар қоры
	ЮНИФЕМ	БҰҰ-ның Әйелдер қоры
	ЮНВ	БҰҰ-ның еріктілері
ДДСҰ	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы	